

**Қарағанды облысының білім басқармасы
Қарағанды облысында білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы
«Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық
кеңесі» КММ**

**Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру
жағдайында мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына
консультациялық көмек көрсету
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Абишева Г.З., Ержолова Ж.А., Бакмаганбетова Б.Н.

Қарағанды, 2025 ж.

Құрастырушы авторлар:

Абишева Г.З. - «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші

Ержолова Ж.А. – «Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» КММ бірінші санатты басшысы, арнайы (дефектологиялық) білім беру магистрі, педагог-шебер;

Бакмаганбетова Б.Н. – «Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» КММ әдіскері, педагог-психолог, арнайы (дефектологиялық) білім беру магистрі, педагог-шебер.

Рецензенттер:

Жетписбаева М.А. – ф.ғ.к., «Өрлеу» БАҰО АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры

Рымханова А.Р. – PhD докторы, арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қауымдастырылған профессоры.

Аннотация

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен жүргізілетін кеңес беру процесі психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Ата-аналар мен мамандар арасындағы өзара әрекеттестік процесі ересектердің жеке мүдделерін қозғайтындықтан және олардың балаларының мүдделеріне қатысты болғандықтан, кеңес беру көптеген кәсіби, психологиялық, этикалық және басқа да ерекшеліктерге ие. Сондықтан ПМПК мамандарынан баланы тексеру процесімен тікелей байланысты кәсіби құзыреттердің жоғары деңгейде қалыптасуын ғана емес, сонымен бірге жоғары деңгейдегі эмпатияны, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, қабылдау деңгейі мен дүниетанымы әртүрлі ата-аналармен өнімді байланыс орната білу қабілеттерін талап етеді.

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация жағдайында мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына кеңес беру көмегін көрсету» тақырыбындағы әдістемелік ұсынымдар ПМПК басшыларына, педагогтарына және дәрігерлеріне кеңес беру қызметінің сапасын арттыру бойынша әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету мақсатында әзірленген. Атап айтқанда, бұл ұсынымдар мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына балаларды тексеру нәтижелері бойынша кеңес беру процесін ұйымдастыру мәселелерін шешуге, осы процесті жетілдіруге және түпкілікті нәтижесінде ПМПК мамандарының кәсіби өсуіне ықпал етуге бағытталған.

Ұсынылған материалдың негізгі ерекшеліктері — мазмұнның құрылымдылығы, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарының эмоционалдық жағдайының ерекшеліктерін терең және жан-жақты зерттеу, олардың мінез-құлқының ең типтік нұсқаларын талдау болып табылады. Бұл ПМПК мамандарына кеңес беру барысында туындауы мүмкін түсінбеушіліктер мен теріс реакцияларды азайтуға мүмкіндік береді, нәтижесінде ата-аналар мен ПМПК арасындағы жанжалдардың азаюына және, соның салдарынан, мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға әкеледі.

Әдістемелік ұсынымдардың жалпы мазмұны кеңес беру процесінің барлық негізгі аспектілерін қамтиды: консультация жүргізу тактикасынан бастап, ата-аналардың мінез-құлқын интерпретациялауға және баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелері бойынша ұсыныстар мен білім беру ұйымын таңдауға дейін.

Бұл ұсынымдардың мақсатты аудиториясы тек психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация мамандарымен шектелмей, сондай-

ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарын, сүйемелдеу қызметінің мамандарын да қамтиды.

Осы әдістемелік ұсынымдарда берілген ақпаратты жас мамандар да оңай меңгере алады және ол кеңес беру процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қолдану саласы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялармен ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен өзара әрекеттесетін білім беру ұйымдарымен де шектелмейді.

Мазмұны

Кіріспе.....	6
1. Кеңес беру ПМПК мамандарының қызметіндегі негізгі бағыт ретінде	9
2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата аналарына кеңес берудің ерекшелігі.....	14
3. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қорытындылар бойынша кеңес беру.....	24
4. Ата аналарға медициналық қорытындылар бойынша кеңес беру.....	46
5. Білім беру ұйымын таңдау бойынша ата-аналарға кеңес беру.....	49
5.1. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру.....	50
5.2. Оңалту орталығы жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру.....	53
5.3. Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру.....	56
5.4. Мектепке дейінгі ұйымды, орта білім беру ұйымын таңдау бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беру.....	58
Қорытынды	65
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі.....	67

Кіріспе

Әлеуметтік-педагогикалық модельге көшуге байланысты психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестердің қызметін реформалаудың негізгі міндеттерінің бірі мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеу, абилитациялау, оңалту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру көмегінің консультациялық бағытын күшейту және көлемі мен сапасын кеңейту болып табылады.

Отбасына кеңес беру, баланың даму проблемаларын еңсеру, оның ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру, білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау бойынша нақты жеке ұсыныстарды әзірлеу үшін негіз ПМПК-дағы ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау рәсімі болып табылады.

ПМПК мамандарының маңызды міндеті – баланың дамуындағы белгілі бір бұзылуларды анықтау және оның ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау. Сонымен қатар, ата-аналарға баланы дамыту, оқыту және тәрбиелеу мәселелерін шешуге көмектесетін сапалы кеңес беру маңызды. Ата-аналар анықталған проблемалар туралы жеткілікті хабардар болған, консультациялық көмек қабылдаған, баланы тәрбиелеу мен оқыту үшін қажетті және дұрыс шешімдер қабылдаған жағдайда кеңес берудің сапасы мен сәттілігі туралы айтуға болады.

ПМПК мамандарының кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөліктерінің бірі – кеңес беру-басшыдан және мамандардан (дәрігерлер, психологтар, педагогтар) ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне психологиялық кеңес беру теориясы мен практикасы саласында белгілі бір білім мен дағдыларды талап етеді.

Әлеуметтік-педагогикалық модель шеңберіндегі психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестердің жұмыс істеуі қазіргі кезде тек гуманистік болып табылатын және ата-ананың пікірі құрметтелетін және ескерілетін тең құқылы серіктес ретінде қабылдауды көздейтін кеңес беру моделін өзгертуді қарастырады. Кеңес беретін ПМПК мамандары, отбасын одақтас етуге, оның балаға деген көзқарасын өзгертуге және оның мәселелерін түсінуге тырысады [1].

Қазіргі білім беру жағдайында ата-аналардың білім беру процесінің толыққанды қатысушылары ретіндегі рөлі барған сайын белсенді бола түсуде. Ата-аналар — балаларының алғашқы және басты тәлімгерлері. Тәжірибе көрсеткендей, олардың хабардарлығы, баланың дамуындағы қиындықтар мен проблемаларды нақты түсінуі және оқытушылармен және мамандармен ынтымақтастыққа дайын болуы оқытудың оң нәтижелерін және әлеуметтенудің

сәттілігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Керісінше, балалардың дамуындағы оң динамика көбінесе ПМПК мамандары мен отбасылар арасындағы өзара әрекеттесу сапасына, ата-аналардың баланың жағдайын қаншалықты тез «қабылдағанына» және әрекет етуге дайын екендігіне байланысты. Серіктестік қарым-қатынас арқылы ғана балалардың оқуы мен дамуына оң әсер ететін маңызды нәтижелерге қол жеткізуге болады.

ПМПК жұмыстағы алқалылық қағидатын және пәнаралық тәсілді іске асыра отырып, ата-аналарға баланы дамыту, оқыту, емдеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша кешенді кеңес алуға мүмкіндік беруге міндетті.

Осы әдістемелік ұсынымдар кеңес беру қызметінің сапасын арттыру бойынша ПМПК басшыларына, педагогтері мен дәрігерлеріне әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдар мақсатының аспектілері: нақтылық, қол жетімділік, өзектілік, өлшемділік, негізділік. Әдістемелік ұсынымдардың негізгі мақсатына қол жеткізуде осы аспектілерді іске асыру нәтижесінде біз мынадай нәтижелерді күтеміз:

1. Әдістемелік ұсынымдар мазмұнының нақтылығы мен тәжірибеге бағдарлануына сүйене отырып, ПМПК мамандары кеңес беру кезінде ата-аналардың қандай да бір санатымен қандай шешімдер, тактикалар мен мінез-құлық стратегияларын қолдану керектігін түсінетін болады.

2. Кеңес беру көмегін көрсету сапасын арттыруға қол жеткізу әдістемелік ұсыныстарда кеңес берудегі ықтимал проблемалардың негізгі себептері нақты және қолжетімді сипатталғандықтан және олардың дәйекті, кезең-кезеңмен шешімдері берілгендіктен мүмкін болады.

3. Мақсатқа жетудің өлшемділігі ата-аналар мен ПМПК арасындағы шағымдар, өтініштер мен дау-дамайлар жағдайларының санын азайтуды көздейтін сапалық сипаттама болып табылады.

4. Әдістемелік ұсыныстардың өзектілігі біздің елімізде мұндай материалдың (құрылымдық, әдістемелік негізделген, мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылған) әлі жоқ екендігімен ғана емес, сонымен қатар бүгінгі таңда ПМПК-нің әрбір басшысы мен маманының қызметіне кеңес беру көмегін көрсету процесіне қойылатын жаңа талаптармен байланысты.

5. Әдістемелік ұсыныстардың негіздемесі классикалық және заманауи бейімделген, жалпыға бірдей танылған әдістерге, кеңес беру әдістері мен технологияларына негізделген.

Осы жұмыста отбасыларға кеңес беру қызметтерінің тиімділігін арттыруға, олармен тиімді қарым-қатынас жасауға бағытталған заманауи тәсілдер, әдістемелік және тәжірибелік материалдар ұсынылған, жалғыз мақсат – баланың сапалы білім алу құқығын іске асыру.

Біздің ПМПК-да жұмыс істеудегі және негізгі қызмет түрлерінің бірі ретінде кеңес беру қызметін жүзеге асырудағы көп жылдық тәжірибемізді ескере отырып, ата-аналарға тиімді және сапалы кеңес беру тек кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар эмпатияны, отбасын қолдауды және ашық диалогқа ұмтылуды қажет ететініне сенімдіміз.

Ата-аналарға кеңес беру мүмкіндігі шектеулі балаларды кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау жүйесінің каскадты бөлігі болып табылады.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда ПМПК мамандарының кеңес беру қызметінің маңызы айтарлықтай артып отыр. Бұл тек ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының көбеюімен ғана емес, сонымен қатар инклюзия мәселелеріне және білім алудағы тең мүмкіндіктерге қоғамның көзқарасының өзгеруімен де байланысты. Кеңесшінің кәсібилігі отбасылардың білім беру жүйесіне деген сенім деңгейіне ғана емес, сонымен қатар баланы әрі қарай сүйемелдеу жұмысының табыстылығына да айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан кеңес беру қызметінің сапасын арттыру – арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың дамуы, қашықтан кеңес беру түрлерінің енгізілуі, білім беру, медициналық және әлеуметтік мекемелермен белсенді өзара іс-қимыл ПМПК мамандарынан заманауи коммуникативтік құралдар мен құзыреттерді меңгеруді, сондай-ақ әртүрлі санаттағы ата-аналармен жұмыс істей білу дағдыларын талап етеді. Мұндай өзгерістер мамандардың біліктілігін үнемі арттыруды, тәжірибе алмасуды және кеңес берудің заманауи технологияларын ПМПК практикасына енгізуді қажет етеді.

Осылайша, әдістемелік ұсынымдар кеңес беру қызметінің теориялық, практикалық және ұйымдастырушылық негіздерін қамтиды, оның маңыздылығын және ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен олардың отбасыларын қолдау жүйесіндегі орнын айқындайды. Бұл материал мамандардың кәсіби дайындығын нығайтуға, олардың құзыреттіліктерін дамытуға және қазіргі заманғы білім беру мен әлеуметтік талаптарға сай келетін тиімді кеңес беру моделін қалыптастыруға бағытталған.

1. Кеңес беру ПМПК мамандарының қызметіндегі негізгі бағыт ретінде

Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру қызметінің негізгі бағыттарына ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеудегі ауытқуларды еңсеру және алдын алу мәселелері бойынша отбасына кеңес беру жатады [2].

«Кеңес беру» латынның «consultare» сөзінен шыққан – қамын ойлау, кеңесу, ақылдасу. «Кеңес беру – бұл мәселелерді шешуге және жеке маманның немесе тұтастай ұйымның қызметіне оң өзгерістер енгізуге бағытталған кеңесші мен клиент арасындағы арнайы ұйымдастырылған өзара әрекеттесу» [3].

Кеңес берудің келесі түрлері бар:

1. Кеңес алушылар саны бойынша: жеке және топтық.
2. Кездесулер саны бойынша: бір және бірнеше.
3. Тікелей немесе жанама дәрежесі бойынша: бетпе-бет кеңес беру, қашықтықтан кеңес беру[4].
4. Түрі бойынша: заңгерлік кеңес беру, басқарушылық кеңес беру (менеджментте), психологиялық кеңес беру, психологиялық-педагогикалық кеңес беру, әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру, педагогикалық кеңес беру, мектепте кеңес беру және т. б.

ПМПК-да кеңес беру түрлері



1 сурет. ПМПК-да кеңес беру түрлері

ПМПК-да кеңес беру оның құрылымы, мазмұны және т.б. бойынша ерекше құбылыс болып табылады. Мысалы, психологиялық кеңес беруде көбінесе клиенттің өзі психологқа жүгінудің саналы бастамашысы болып табылады, жеке мәселелер пысықталады. Педагогикалық кеңес беруде А.К.Пулина [5] диагностикалық, сараптамалық, нұсқаулық-әдістемелік, ақпараттық, түзету, қалыптастыру, әлеуметтік-педагогикалық, енгізу түрлерін ажыратады. Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелері бойынша ПМПК жағдайында ата-аналарға кеңес беру туралы айта отырып, біз мұндай кеңес берудің бірқатар ерекшеліктері, классикалық психологиялық кеңес беруден де, педагогикалық кеңес беру түрлерінің мазмұнынан да айырмашылықтары бар екенін түсінеміз.

Кеңес берудің жалпы принциптері ПМПК-да ата-аналарға кеңес беруге де қатысты деп айтуға болады:


1. Тұтастық.
2. Кәсіби этика.
3. Құпиялылық.
4. Кооперация.
5. Өзгергіштік.

Сонымен қатар, тараптардың теңдігі, ПМПК-да кеңес берудегі еріктілік принциптері өзіндік, ерекше сипатқа ие. Бұл принциптер маңызды, бірақ әрқашан толық сақталмайды (мысалы, ата-аналар ПМПК-ға мәжбүрлі түрде өтінуі мүмкін), ал кейде ата-аналар кеңес беру барысы мен нәтижелері үшін толық жауап бергісі келмейді (немесе қандай да бір мәселелермен мүмкін емес).

Кәдімгі кеңес беруден тағы бір айырмашылығы, егер әдеттегі кеңес беруде екі субъект – «кеңесші-клиент» болса, онда ПМПК жағдайында бірнеше ПМПК мамандары кезекпен кеңес бере алады, сондай-ақ ата-аналарға қатысты бізде «қызмет алушы» ұғымы қолданылады [6].

ПМПК кеңес беруінің адресаттары, қызмет алушылары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары болып табылады. Жақында әдебиетте мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың психологиясының ерекшеліктері бойынша отандық және шетелдік психологтардың көптеген зерттеулерін кездестіруге болады. Төменде біз мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарының кейбір көріністеріне, мінез-құлық үлгілеріне егжей-тегжейлі тоқталамыз. Біз эмоционалды-жеке саланың ерекшеліктері туралы бұл білімді ПМПК-да мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына кеңес беру кезінде ескеру қажет деп санаймыз.

В.В.Ткачева [7] дамуында ерекшеліктері бар балаларды тәрбиелейтін отбасылардағы сапалық өзгерістердің үш деңгейін атап өтеді: психологиялық, әлеуметтік және соматикалық деңгейлер.



2 сурет. Отбасындағы өзгерістер деңгейі

Психологиялық деңгей деп мынаны түсінеді: дамуында ауытқулары бар бала ата-аналар үшін, әсіресе ана үшін стресс көзі болып табылады. Бұл стресс ұзаққа созылған сипатқа ие, отбасының бүкіл өмір салтына із қалдырады, психикалық тонустың төмендеуіне, ата-аналардың өзін-өзі бағалауына, көбінесе жеке тұлға ретінде өзіне деген қызығушылықты жоғалтуға, өмірге деген талғамға және т.б. [7].

Әлеуметтік деңгей деп мынаны түсінеді: кәсіби қызметті жүзеге асырудың мүмкін еместігі (көбінесе аналар үшін), достарымен және туыстарымен байланыстардың саны мен сапасы төмендейді, ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасына жиі теріс әсер етеді, ажырасу мүмкін және т.б. [7].

Соматикалық деңгей деп мынаны түсінеді: мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары бастан кешіретін стресс, және көбінесе бұл ұзаққа созылған, шок, психогендік, ата-аналардағы соматикалық ауруларға әкеледі. Зерттеушілер ата-аналардың жалпы шаршау, депрессия, аңсау, күштің болмауы, жүрек-қан тамырлары, эндокриндік аурулар, асқазан-ішек жолдарының аурулары және т.б. туралы жиі шағымдарын атап өтеді. [7].

Сондай-ақ, В.В. Ткачева мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарының үш тобын ажыратады:

1. Мазасыз немесе невротикалық түрдегі ата-аналар тобы.
2. Авторитарлық (импульсивті-инертті) түрдегі ата-аналар тобы.
3. Психосоматикалық түрдегі ата-аналар тобы.

Ата-аналардың осы топтарының сипаттамаларын қарастырайық.

Мазасыз немесе невротикалық түрдегі ата-аналар тобы.

Ата-аналар мүмкіндігі шектеулі баласының мәселелерін қабылдауға және шешуге дайын емес. Позиция: ағымға берілу. Бұл топтың басқа бөлігі баланы барлық проблемалардан қорғайды, баланы тәрбиелеуде қиындықтарға тап болады. Балаға қойылатын талаптар жүйесі жиі жетіспейді. Қиын жағдайларда

шешімдерден аулақ болуға тырысады. Баласының мүмкіндіктеріне сын көзбен қарамай, өздері қалаған нәтижелерді нақты деп көреді. Кейде бұған мүлдем қарама-қайшылық пайда болады: ата-аналар баласының проблемаларын гиперболизациялайды. Мұндай ата-аналардың, көбінесе аналардың эмоционалды әлсіздігі балаларға беріледі. Ата-аналардың баласының болашақ және қазіргіжағдайынақатысты уайымдау жоспары сыртқы – көз жасы, ашуланшақтық [7].

Авторитарлық (импульсивті-инертті) түрдегі ата-аналар тобы.

Белсенді өмірлік ұстаным, авторитаризмге деген ұмтылыс, басқаларды тыңдағысы келмеу олардың өз мақсаттарына табандылықпен ұмтылуына әкеледі: баласын сауықтыру, әлеуметтендіру, тәрбиелеу. Көбінесе өз қауымдастықтарын құрып, ең жақсы дәрігерлерді, кейде баламалы медицина өкілдерін іздейді. Бірақ, сонымен бірге, олар көбінесе ашуын қалай ұстау керектігін білмейді, өздерін әлеуметтік ортаға қарсы қояды, балаға қатысты қатаң, жеткіліксіз тәрбиелік шараларды қолданады, оған жоғары талаптар қояды, оның мүмкіндіктерін жеткіліксіз бағалайды. Тек өздерінің өмірлік көзқарастарына назар аудару ата-аналардың баласының дамуының нақты перспективаларын көрмеуіне әкеледі. Ата-аналардың баласының болашақ және қазіргіжағдайынақатысты уайымдау жоспары сыртқы – агрессия, жанжалдар және т.б. [7].

Психосоматикалық түрдегі ата-аналар тобы.

Ата-аналардың бұл тобында бірінші және екінші топтарға тән белгілер бар. Эмоционалды тұрақсыз. Көңіл-күйдің жиі өзгеруі, үстемдік тенденциясы (бірақ авторитарлық топ сияқты аффектті формасыз). Баланың проблемасы іштен сезіледі, сондықтан бұл олардың психосоматикалық денсаулығының бұзылуына әкеледі. Ата-ананың бүкіл өмірі, барлық күш-жігері балаға көмектесуге бағытталған. Гипер-қамқорлыққа бейім, бала үшін ең жақсы мамандарды іздейді, сонымен бірге баласымен жұмыс істеу үшін өз мамандықтарын жиі өзгертеді [7].

Пікір: ПМПК мамандарының тәжірибесінде ата-аналардың мұндай топтары күн сайын кездеседі. Оларды ажыратып, олармен өзара әрекеттесу стратегиясы мен тактикасын осы білім негізінде құру қажет.

Егер мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарында мінез-құлық акцентуациясын қарастыратын болсақ, онда бұл кезде де мінез акцентуациясының өзара байланысы және олардың мүмкіндігі шектеулі балаға көзқарасы ерекшеленеді. К.Леонгардтың акцентуацияланған тұлғалар тұжырымдамасында, акцентуация – бұл әр адамға тән кейбір жеке қасиеттердің қайралуы [8].

Сонымен, гипертимиялық түрдегі ата-аналар – баланың проблемаларын байқамайтын, мойындамайтын оптимистер. Дистимиялық түр – әрдайым

проблемалардың пайда болуын күтеді, жанашырлықпен түсіністікке, достық пен сүйіспеншілікке деген қажеттілікті сезінеді, көбінесе көңіл-күй болмайды, бәрі қара сұр болып көрінеді. Циклотимді түрі – балаға қойылатын қарама-қайшы талаптар. Истероидтық түр – баланы өзіне назар аудару үшін манипуляция құралы ретінде қолдана алады, егер ол қандай да бір пайда әкелсе ғана баланың проблемасын мойындайды. Сенситивті (сезімтал) түрі – баланың проблемаларын асыра көрсетуге бейім, «ана-тауық», бала үшін, тіпті баланың өз қолынан келетіннің бәрін өзі жасауға бейім. Шизоидтық түр – баланың проблемалары сыртқы байланыстардан одан бетер жабылуға әкелудің себебі болуы мүмкін. Эпилептоидтық түрі – баланың проблемаларына кінәлілерді іздеу, олар өздеріне жауапкершілік алмайды. Астеноневротикалық – «баланың проблемаларынан туындаған» өз ауруының шағымдары, баласының проблемаларын қабылдайды, тексеруге баруға дайын, баланы ауруханаға жатқызады. Қозғыш түрі – баланың проблемаларына деген көзқарас тұрақсыз, олар уәде береді, бірақ уәдені сақтамайды. Асқақ түрі – проблемалар, баланың ауруы көбінесе өзін батыр кейіпкер ретінде көрсетуге себеп болады, емдеу әдістерімен эксперименттер жасай алады. Педантикалық түрі – барлық тексерулерден уақытында өтеді, баланың диагнозын қабылдау үшін дәлелдерді қажет етеді.

Пікір: ата-аналардың кез-келген акцентуациясы әрдайым айқын бола бермейді, акцентуациялардың иерархиясы болуы мүмкін немесе акцентуация көрінбейді. Акцентуацияны анықтаған кезде, ата-аналардың одан әрі әрекеттері туралы болжам жасауға болады.

Кеңес берудегі маңызды сәттердің бірі – ата-аналарға және ПМПК маманына (мамандарына) қатысты дұрыс физикалық орналасу. Сондықтан физикалық тұрғыдан ата-аналармен көз деңгейінде болу керек. Егер маман жоғары позицияда болса, онда ата-аналарда қорғаныс реакциясы пайда болуы мүмкін. Егер барлық мамандар кеңес берсе, онда ата-ана мен мамандардың (ата-аналар бір жағында, ал барлық мамандар қарама-қарсы жақта) қарсы әсерін көзбен жасауға жол берілмейді. Бұл ұстаным барлық мамандардың ата-аналар мен олардың балаларына теріс көзқараспен қарайтынын және ата-аналарды қорғаныс позициясына көшуге мәжбүр ететінін сезінуі мүмкін.

Осылайша, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына кеңес беруге дайындық туралы айта отырып, біз баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың жеке басының мүмкін болатын ерекшеліктерін зерттеп, мамандар мен ата-аналар арасындағы сындарлы өзара әрекеттесу алаңын құруымыз кер.

2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына кеңес берудің ерекшелігі

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына кеңес беру өзара сыйластық, қабылдау, әдептілік, баяндалған ақпараттың қолжетімділігі қағидаттарына негізделуі тиіс нәзік процесс. ПМПК мамандары кеңес берудің мақсаттары, міндеттері мен түпкілікті нәтижесін нақты білуі қажет. Кеңес берудің басты мақсаты – ата-аналарға баланың қандай шектеулі мүмкіндіктер санатына жататынын, қай білім беру ұйымына көмек ала алатынын хабарлау ғана емес. Сонымен қатар, ата-аналарға баланың дамуының кейбір ерекшеліктерін жеңу немесе тегістеу үшін қалай және қай бағытта көмектесу керектігін түсінуге көмектесу, баланың жақын даму аймақтарын түсіну және т.б. Яғни, әр кеңес алушыға түсінікті етіп күрделіні жай ғана қарапайым тілмен жеткізуге тырысу. Біздің ойымызша, ата-аналардың баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, оны оқыту мен тәрбиелеу, оңалту және түзету бағытын толық түсінуін түпкілікті нәтиже деп санау керек. Ең бастысы, ата-аналар баласымен болып жатқан оқиғалардың нақты бейнесін алып, перспективаларды көріп, көптеген сұрақтарына жауап алуы тиіс.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ПМПК-да кеңес беру әдеттегі кеңес беруден ерекшеленеді, өйткені кейде ата-аналар өз еркімен емес, мәжбүрлі түрде келеді.


Бастапқы тексеру және кеңес беру кезінде көбінесе ПМПК мамандары ата-аналардың қорқатын ойларын растайды, яғни олар ата-аналардың ең үлкен, кейде олардың өздері мойындаудан қорқатын қорқыныштарын растайды. Содан кейін ата-аналарда психологиялық қорғаудың әртүрлі механизмдері жұмыс істей бастайды. Көбінесе бұл теріске шығару және (немесе) орын ауыстыру, проекция.

Бас тарту. Бұл шындықты, атап айтқанда саналы деңгейде қабылданбайтын ойларды, сезімдерді, тілектерді, қажеттіліктерді немесе жалпы шындықты қабылдамаудан тұратын психиканың тұтас механизмі. Механизм балалар қорқыныштан көрпенің астына тығылып, көрпенің сыртында не бар екенін көргісі келмейтініне ұқсас. «Маған бұл жағдай ұнамайды, бұл ақпарат – мен оны қабылдамаймын. Мен бұл жағдайға және ақпаратқа қарсы көптеген дәлелдер табамын».

Орын ауыстыру. Адам өзінің эмоцияларын, әрекеттерін бір объектіден (факт, жағдай, адам) неғұрлым қолайлы, қол жетімді ауыстыруға бағыттайды. «Бейсаналық жанжалдан мазасыздық жасырыннан сыртқы объектіге ауысқан кезде орын ауыстыру фобиялық реакцияларда көрінеді» [9].

Проекция. Бұл психиканың түпсаналық механизмдерінің бірі, онда жеке тұлға өзінде саналы түрде қабылдамайтын ойларды, сезімдерді, мотивтер мен тілектерді басқа адамға немесе объектіге аударады. Бұл көбінесе эмоциялық тұрғыдан жетілмеген және сезімтал адамдарда байқалады [9].

ПМПК-да ата-аналарды кеңес берудің ерекшелігі, сондай-ақ, оның нәтижесі ата-аналардың баласының жағдайын қабылдау процесінің қай кезеңінде тұрғанына байланысты болатынында. Элизабет Кюблер-Росс «Өлім және өлу туралы» [10] атты кітабында қайтарымсызды қабылдаудың бес кезеңі туралы баяндайды. Зерттеушілердің пікірінше, дәл осы кезеңдерден мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары да өтеді.



3 сурет. Қабылдау кезеңі

Күйзеліс кезеңдері дәйекті және (немесе) бір уақытта өмір сүре алады, әр түрлі уақытқа созылады (бірнеше күннен-апталардан жылдар-ондаған жылдарға дейін) [11]. Көбінесе, арнайы көмексіз, ата-аналар бірнеше жыл кезеңдерінің бірінде тұрып қалады, кейбіреулері – соңғы кезең – қабылдауға жетпейді.

Ата-аналардан кеңес алу кезінде қандай реакциялар күтуге болады, қабылдаудың өмір сүру кезеңіне байланысты, 1-кестеде қарастырамыз [11].

1-Кесте

№	Кезең	Кезең сипаттамасы	ПМПК-да кеңес беру кезінде ата-аналардың	Ескерту

			ықтимал реакциялары	
1	Бас тарту	Ата-аналар өздерінің дұрыс екендігіне шын жүректен сенеді, проблеманы түсінбей, баланың дамуында ерекшеліктері бар екенін жоққа шығарады. Олар баланың диагнозда қателік пайда болғанын «бәрі жақсы» екенін дәлелдеуге тырысады. Олар баласының дамуындағы қиындықтарды жеңудің оңай, жылдам жолдарын іздейді.	Олар кеңес беруді жүзеге асыратын маманмен ашық түрде жанжалдасады. Жабылып қалады. Үнсіз ғана қорытындыны алып кетеді, бірақ оны пайдаланбайды, өйткені оны дұрыс емес деп санайды. Олар «өзі кетеді» деп күтеді. Олар жаз бойы тәрбиешінің көмегімен бір немесе екі жыл ішінде өткен бүкіл бағдарламаны қайталайтыны (үйренетіні) туралы айтады. Олар келесі жолы келіп, ПМПК мамандарының қателескенін дәлелдеуге уәде береді. Кеңесші берген ақпараттың мәнін түсінбейді.	Ата-аналардың «жеке басына» ауысуы кезінде өзіңізді алыстату, сабырлы болу. Неліктен бала екі жыл ішінде игермеген бағдарламаны үш айдың ішінде үйрену мүмкін еместігін жұмсақ түрде түсіндіру. Бірақ, баласына көмектескісі келетін ата-аналарға қолдау көрсету! ПМПК мамандары баланың кез-келген оң динамикасын әрдайым атап өтеді деп айту. Қарапайым, қол жетімді тілде сөйлеу негізгі ойларды бірнеше рет қайталауы мүмкін.
2	А шу	Бірінші кезеңнен кейін нәтиже алмай, олар үмітін үзіп, «кінәлілерді» іздей бастайды. Көбінесе бұл дәрігерлер,	Жанжалға ашық түрде кіреді. Жоғарыдағы инстанцияларға шағымдар болуы мүмкін.	Бұл реакциялар нормативті екенін есте сақтау. Кейде сіз

		<p>педагогтар, мамандары. Осы уақытта өздерін немесе басқа жолмен туыстарын кінәлау жиі кездеседі. Олар дәрігерлерге, мамандарға да агрессия, сонымен қатар аутоагрессия да көрсетеді. Осы кезеңдегі ата-аналардың эмоционалды жағдайы олар үшін қауіпті, өйткені ол көбінесе өзін-өзі жоюға, ашық қақтығыстарға, барлығына қарсы тұруға әкеледі. Бұл жағдайда ата-аналар өздеріне және баласына зиян келтіретінін түсінбейді.</p>	<p>ПМПК тексеруі барысында зерттеу үдерісі мен әдістеріне қатысты өз наразылықтарын білдіреді. Тексеру кезінде мамандарға, балаға дөрекі түрде ескертулер жасайды. Кеңес беру кезінде олар кеңесшінің әр сөзіне агрессивті түрде жауап бере алады. Кеңес беру кезінде олар көбінесе баланың барлық проблемалары үшін өздерін кінәлайды, сонымен бірге түпсаналы түрде маманнан оны жоққа шығаруды сұрайды.</p>	<p>сөйлеп, әр ескертуге нақты жауаптар беруіңіз керек. Эмпатиялық тыңдау. Шағым беру бұл адамның табиғи құқығыекенін есте сақтау. Көбінесе, егер кеңес толық көлемде бермесе, шағымдар беріледі. Ықтимал шағымға дайындалу (тексеру хаттамаларын мұқият, дәйекті түрде толтыру). Мүмкін, егер ата-аналар келіспесе, оларды қайтадан шақыруға (қызмет ережелеріне сәйкес). Сонымен қатар, баланың бұзылу профилі бойынша баланы психикалық денсаулық орталығына немесе басқа денсаулық сақтау ұйымына жіберу.</p>
--	--	--	--	--

3	Сауда	<p>Бұл кезеңде ата-аналар мамандармен, тағдырмен келісуге тырысады. Белсенді түрде панацея іздейді. Сонымен қатар, әртүрлі емдеу және педагогикалық түзету әдістерін қолдану қаупі бар, көбінесе ғылыми негізделмеген. Олар көп ақша жұмсайды, нәтиже күтеді. Кезеңнің соңында олар өздерінің құлазығанын (моральдық, кейде материалдық) түсініп, ал бала болса қалаған нәтижеге жете алмай, үміттерін үзеді.</p>	<p>Олар қандай да бір «сәнді» әдісті қолдана бастағанын және көп ұзамай ол жұмыс істейтінін айтады.</p> <p>ПМПК-дан өздеріне қажет емес мамандардың көмегін ұсынуды сұрайды.</p> <p>Қай жерде, қандай мамандарда болғандығы туралы көптеген құжаттық дәлелдер келтіреді.</p> <p>Олар сәл ғана уақыт керек деп сенеді, тағы бірнеше маман қабылдауы(Остеопат, Томатис терапиясы және т.б.) және бәрі өтеді деп қолқалайды.</p>	<p>Нақты осы баланың ерекше білім беру қажеттіліктері анықталған кезде қандай мамандар және қандай негізде (НҚА) қажет екенін нақты айту.</p> <p>Бүгінде жеке ұйымдар ұсынатын баланың дамуы мен түзетуіне арналған көптеген әртүрлі әдістемелер бар екенін абайлап атап өткен жөн.</p> <p>Біздің тәжірибемізде бір әдіс бір балаға көмектескен, ал екіншісіне көмектеспеген жағдайлар болғанын түсіндіру. Сондықтан әдістерді таңдауға сыни және саналы түрде қарауға шақыру.</p>
4	Депрес-сия	<p>Тұрақты жоғары психоэмоционалды жүктеме депрессия кезеңіне әкеледі. Кейде, үмітсіз, баладан</p>	<p>Ата-аналар бөлек, бей-жай көрінеді.</p> <p>Олар өздерінің және баланың</p>	<p>Кеңес беру кезінде ата-аналарға өздеріне қолдау көрсету қажеттілігін еске</p>

		<p>бас тартуы мүмкін (ауыр мүгедектік жағдайында), жеткіліксіз шешімдер қабылдауы мүмкін Ажырасу қаупі жоғары. Егер бұған дейін ерлі-зайыптылар «бәріне қарсы» тұру үшін біріксе, қазір күштерікетіп олар бұдан әрі қарай бірге бола алмайды. Ерлі-зайыптылар қабылдаудың әртүрлі кезеңдерінде болған кезде ажырасу қаупі жоғары. Егер, мысалы, әкесі депрессия сатысында, ал анасы сауда сатысында болса, онда әке оларға опасыздық жасағандай, бас тартқандай көрінеді, осыдандау-дамайлар туындайды.</p>	<p>сәтсіздіктері туралы айтады.</p> <p>Олар ПМПК-ға жиі, оларды бұрын түзету ұйымдары жібергені үшін ғана барады. Кейде өздері бұл қажеттілікті көрмейді.</p> <p>Олар кеңесшіні нашар тыңдайды.</p> <p>Олар қолданған әдістіңбәрі «сәтсіз» екенін айтады.</p> <p>Көбінесе ата-аналар ПМПК-ға баруды тоқтатады, бала үйде болады.</p> <p>Олар мамандарға өз денсаулығының нашарлауы туралы айтады.</p>	<p>сала кету.</p> <p>Ата-аналар өз балалары үшін көп нәрсе жасайтынын және бүгінгі нәтижені (баланың даму картасынан бұрын не болғанын және қазір не екенін қарап) бала ата-анасының көмегі мен қолдауының арқасында көрсететінін атап өту.</p>
5	Қабыл-дау	<p>Қабылдау кезеңіне өту үшін көбінесе маманның (психолог, психотерапевт) көмегі қажет. Алдыңғы кезең депрессия екенін есте ұстаған жөн, бұл денемен психикалық жағдайдың бұзылуы. Бұл кезеңді бойсұну кезеңі деп те атайды.</p> <p>Ата-аналар</p>	<p>Сындарлы диалог тәртібінде мамандармен баланың өзекті жай-күйі мен жақын даму аймағы талқыланады.</p>	<p>Нақты ұсыныстар беру, болжамдарда, егер ата-аналар мұны талап етсе, негізсіз шамадан тыс оптимистік нұсқалар беру.</p>

	<p>баланың толыққанды өмір сүруі үшін не қажет екенін түсінеді. Олар одан жоғары нәтижелерді, толық емдеуді қажет етпейді. Баланың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектесетін емдеу әдістерін, түзету әдістері мен тәсілдерін табады. Ата-аналар «диагностиканы» бойсынып баланы сол күйінде қабылдайды.</p>		
--	---	--	--

ПМПК маманы ата-аналардың барлық кезеңдері адам психикасының жоғалтуға қалыпты реакциясы екенін есте ұстауы керек. Бұл жағдайда жоғалтуды ата-аналар үшін әдеттегі өмірлік сценарийдің жоғалуы деп түсінуге болады, мұнда бала – салауатты ұрпақты жалғастыру перспективасы, болашақта керемет жетістіктерге мақтанудың себебі және т.б.

ПМПК қорытындысы туралы хабарлама бұл адамның психикасы көбінесе жағымсыз жаңалықтар айтылған жағдай жадта ұзақ уақыт, кейде бұрмаланған күйде болатындай етіп құрылғанын есте ұстайтын нәзік процесс. Сондықтан, бұл жалпы қорытынды шығаратын ПМПК маманының тағы бір жауапкершілігі.

ПМПК маманының кеңес беру кезеңіндегі жауапкершілігі:

1. Баяндалған ақпараттың дұрыстығы (жалпы қорытынды ПМПК барлық мамандарының бірауыздан алқалы шешіміне қол жеткізген кезде ғана ата-аналардың назарына жеткізіледі).

2. Этикалық қағидалар мен нормаларды сақтау.

3. Кеңес беру кезеңдерін білу.

4. Кеңес беру стратегиясын таңдау.

5. Ата-аналарға түсінікті терминдерді, кеңес беру кезінде сөйлеу мәнерін таңдау.


6. Ата-аналардың іс-әрекеттерін болжау және алдын-алу, ықтимал дау-дамайларды жою.

7. Баланың даму болашағы туралы ақпаратты ата-ана бір уақытта қабылдай алатындай етіп беру.

8. Төзімділік, ата-аналардың сезімдері мен эмоцияларына ұқыпты қарау.

Пікір: ПМПК маманы өзінің жауапкершілік аймағын және ата-анасының жауапкершілік аймағын саралап, ажыратуы керек.

А.К.Ерсарина ПМПК-дағы психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және кеңес беру бағдарламаларында (бұдан әрі –бағдарламалар) кеңес берудің екі негізгі тактикасын сипаттады (4-сурет).



4 сурет. Кеңес беру тактикасы

Бірінші тактика бойынша ПМПК-нің әрбір маманы мүмкіндігі шектеулі баланың ата-аналарына ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелері бойынша өзінің кәсіби пікірін хабарлайды.

2-кесте

№	Маман	Хабарламаның мазмұны	Ескерту
1	Психолог	Баланың психикалық (ақыл-ой) және эмоционалды-коммуникативті дамуының ерекшеліктері мен деңгейі туралы хабарлайды.	Психологиялық факторларға (балалар мен ата-аналар, отбасылық қатынастар және т. б. себептерге) байланысты қарым-қатынас пен мінез-құлықта проблемалар анықталған жағдайда, психолог/психиатр басқа күнге

			отбасына жеке психологиялық кеңес береді немесе тағайындайды
2	Логопед	Баланың сөйлеу дамуының деңгейі, фонетикалық, лексикалық-грамматикалық жақтардың, фразалық және келісілген сөйлеудің қалыптасу ерекшеліктері немесе бұзылуы туралы айтады.	
3	Әлеуметтік педагог	Өз хабарламасында жетекші іс-әрекеттің, танымдық-сөйлеу және әлеуметтік-тұрмыстық білімнің, дағдылардың қалыптасу деңгейін көрсетеді.	
4	Дәрігерлер	Ата-аналарға баланың психикалық дамуы мен мінез-құлқына әсер ету дәрежесін көрсете отырып, анықталған нейropsychиатриялық және басқа да даму проблемалары/бұзылуы туралы хабарлайды	
<p>Әр маманның пікірін баяндағаннан кейін жетекші маман барлық кәсіби бағаларды бірыңғай жалпы пікірге жинақтайды, осылайша ПМПК қорытындысы қалыптасады.</p>			

«Жалпыдан жекеге» тактикасы бұл бір маманның баланың дамуының жалпы көрінісін беру (дамудың бұзылуы). Кейін басқа мамандар баланың проблемаларының сипаты мен себептері туралы негізгі хабарламаны растайтын қосымша және нақтылайтын ақпаратты хабарлайды.

А.К.Ерсарина емтихан бағдарламаларында баланың дамуындағы ерекшеліктерді, белгілі бір бұзылуларды сипаттау кезінде тексеру барысында анықталған нақты фактілерге және деректерге және (немесе)

отбасының өзі ұсынған мәліметтерге сүйену қажет екенін айтатының есте сақтауымыз керек. Осылайша, ата-аналар қазіргі уақытта ПМПК-нің сауалнамасы мен қорытындысында көргендері арасында түсінікті кезең-кезеңмен логикалық байланыс қалыптастырады. Әрі қарай, қолжетімділікте проблемалар мен (немесе) даму бұзылыстарының ықтимал себептері түсіндіріледі, бұл медициналық, психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық аспектілердегі жеке бұзылыстардың өзара байланысы мен тәуелділігін ашу арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, баланың ауытқулы дамуының жалпы көрінісінде алғашқы және кейінгі бұзылыстардың арақатынасы нақтыланады (мектепке дейінгі жастағы балаларды тексеру бағдарламасы).

Пікір: бұл кезеңде қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары (қиындықтары) бар балалардың ата-аналары мінез-құлықтағы аутизм белгілерінің пайда болу себептері туралы жиі сұрақтар қояды. Ата-аналарға бүгінгі таңда ғылым балалардағы аутизмнің пайда болу көздерін екіұшты көрсетеді деген пікірді жеткізуі керек деп санаймыз.

Зерттеу және кеңес беру бағдарламаларына сәйкес кеңес беру кезеңдері [12]

1. Ата-аналарға баланың сақталған және күшті жақтарын көрсете отырып, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелерін ұсыну.

2. Баланың бойында белгілі бір дағдыларды қалыптастыру немесе тәрбиелеудегі ата-аналардың рөлі мен күш жігерін оң(!) бағалау.

3. Баланың әлсіз жақтарын, ауытқуларын және даму бұзылыстарын түсіндіру. Ата-аналардың өз бастамасы немесе білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарының бағыты бойынша ПМПК-ға жүгінуге себеп болған даму проблемаларын еске салудан басталады.

Содан кейін ақыл-ой, сөйлеу, әлеуметтік-коммуникативті немесе сенсомоторлық дамудағы ауытқулар мен бұзылулардың ерекшелігі мен сипаты нақтыланады.

4. ПМПК-ның жалпы қорытындысы хабарланады. Медициналық, психологиялық-педагогикалық қорытындылар түсіндіріледі.

5. Белгіленген ауытқулар мен даму бұзылыстарын негізге ала отырып, ПМПК жалпы ұсынымдарын ұсыну және түсіндіру (зерттеу бағдарламасы).

6. Әрі қарай кері байланыс ұйымдастырылады. Мамандар ата-аналардың сұрақтарына жауап береді, бұл ретте ата-аналардың ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын түсіну деңгейін нақтылайды.

3. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қорытындылар бойынша кеңес беру

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың әлеуметтік-педагогикалық моделіне көшу арқылы психологиялық-педагогикалық қорытынды диагноз директиваларын ұстанбайды, бірақ баланың белгілі бір қызметке, психологиялық-педагогикалық көмекке, арнайы жағдайларға және т.б. қажеттіліктерін анықтайды.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация балаларды зерттеп-қарауды және оларға кеңес беруді, білім алу үшін ерекше білім беру қажеттіліктері мен арнайы жағдайларды бағалауды, білім беру бағдарламасының түрін айқындауды, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға жіберуді жүзеге асыратын білім беру ұйымы болып табылады [13]. Басқа білім беру немесе денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарына тексеру және кеңес беру, білім беру бағдарламасын анықтау, арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға жіберу функциялары берілмейді.

Пікір: егер ата-аналар басқа ұйымдардың мамандары (мұғалімдер, тәрбиешілер, невропатологтар және т.б.) балаға басқа қорытынды (оқу бағдарламасы) шығарады деп айтса, ата-аналарға мұндай функция – білім беру бағдарламасын анықтау – НҚА сәйкес тек ПМПК-да бар екенін хабарлау қажет.

Зерттеу бағдарламаларына сәйкес, дамудың жас нормаларын ескере отырып, ПМПК мамандарының тобы психологиялық-педагогикалық қорытынды шығарады. Кеңесші маманның басты міндеттерінің бірі – осы қорытындының мазмұнын ата-аналарға жеткізу.

П.ғ.к. А.К.Ерсарина [14] ПМПК қызметінің әлеуметтік-психологиялық моделіне көшу арқылы ПМПК-да ата-аналарға кеңес беру демократиялық (гуманистік) модельге негізделуі керек дейді.

3-кесте

Авторитарлық және демократиялық кеңес беру модельдерінің арасындағы айырмашылықтар

№	Авторитарлық модель	Демократиялық модель
1	Кеңес берушінің позициясы – жоғарыдан.	Кеңес берушінің позициясы – бірге.
2	Баланың дамуындағы кемшіліктер ғана көрсетіледі.	Баланың дамуының күшті, содан кейін әлсіз жақтары ашылады.

		нақты болжам беріледі.
3	Кеңес беру кезінде ата-аналар пассивті тыңдаушылар ретінде әрекет етеді.	Кеңес беру процесі ата-аналармен бірге құрылады, диалог жүреді.
4	Кеңес беруші өзіне ыңғайлы тілді, терминдерді қолданады.	Кеңес беруші терминдерді түсіндіре отырып, ата-аналарға түсінікті және қол жетімді тілде сөйлейді.
5	Қорытынды айтылған кезде хабарлама нысаны директивалық сипатта болады.	Қорытынды хабарламаның жұмсақ түрі таңдалады.
6	Кеңес беруші барлығына үлгі бойынша қорытынды жасайды.	Қорытындыны айтқан кезде кеңес беруші отбасының барлық мүшелерінің пікірін, отбасының әлеуметтік-мәдени және психологиялық ерекшеліктерін ескереді.

Осылайша, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қорытындылар бойынша кеңес беру кезінде ПМПК маманы қажет:

- ✓ Демократиялық кеңес беру моделін ұстану.
- ✓ Ата-аналардың ықтимал психологиялық қорғанысы, мінез-құлық акцентуациясы және т.б. туралы есте сақтау.
- ✓ Ата-аналардың сөзсіз қабылдауының болжамды кезеңі туралы білу (әңгіме барысында бақылау және баланың білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижесінде).
- ✓ Кеңес беру тактикасын таңдау.
- ✓ Кеңес беру кезеңдерін орындау.
- ✓ Тексеру және кеңес беру кезінде мақсат диагноз қою емес, балаға көмектесудің жолдары мен әдістерін табу идеясы болуы керек. «Біз сізге қарсымыз» деген позиция емес, «Біз Сізбен біргеміз» деген позициясы болуы қажет.

ПМПК қызметінің тәртібіне сәйкес бірқатар қорытындылар педагогикалық қорытындыларға жатады (яғни педагогтар психологиялық-педагогикалық зерттеу нәтижесінде шығаратын қорытындылар). Бұл тарауда біз ең көп таралған қорытындыларды қарастырамыз.

4-кесте

Даму бұзылысының әлеуметтік-педагогикалық жіктелуі [2]

№	Әлеуметтік-	Қорытынды шығарады:
---	-------------	---------------------


	педагогикалық жіктеу	Дәрігер	Дәрігер мен педагог	Педагог
1	Есту қабілетінің бұзылуы (нашар еститін, естімейтін бала және кохлеарлы импланты бар бала).		ПМПК сурдологы және сурдопедагог	
2	Көру қабілетінің бұзылуы (көру қабілеті нашар, зағип бала).		ПМПК офтальмологы және тифлопедагог	
3	Интеллектбұзылыстары(жеңіл, орташа, ауыр және терең интеллект бұзылыстары (жеңіл интеллектуалдық артта қалу, орташа интеллектуалдық артта қалу, ауыр және терең интеллектуалдық артта қалу диагнозына сәйкес келеді)).	Психикалық денсаулық орталығының психиатры	ПМПК психиатры және педагог-психологы	
4	Психикалық дамудың кешігуі		ПМПК психиатры және/немесе педагог-психологы	ПМПК педагог-психологы
5	Сөйлеудің дамымаған түрін, формасын және деңгейін көрсете отырып, сөйлеудің бұзылуы (фонетикалық-фонематикалық, сөйлеудің жалпы	ПМПК невропатологы	ПМПК невропатологы және логопед-мұғалімі	ПМПК логопед-мұғалімі

	дамымауы, сондай-ақ кекештену, ринолалия, дизартрия, дисграфия, дислексия және басқа да сөйлеу бұзылыстары			
6	Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылуы немесе қиындықтары (аутизм және аутизм спектрінің бұзылуы диагноздарына сәйкес келеді).	Психикалық денсаулық орталығының психиатры	ПМПК психиатры және/немесе педагог-психологы	ПМПК педагог-психологы
7	Мінез-құлықтың бұзылуы немесе қиындықтары (гиперактивтілік пен зейіннің жетіспеушілігі диагнозына және басқа мінез-құлық бұзылыстарына, соның ішінде әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты).	Психикалық денсаулық орталығының психиатры	ПМПК психиатры және/немесе педагог-психологы	ПМПК педагог-психологы
8	Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы (дербес қозғалатын, жеке күтімді қажет етпейтін, арнаулы қозғалыс құралдарының және (немесе) техникалық компенсаторлық (қосалқы) құралдардың көмегімен қозғалатын, өз бетінше қозғалмайтын,	Денсаулық сақтау ұйымының невропатологы немесе хирургы		

	ілесіп жүретін адамның көмегін талап ететін).			
--	---	--	--	--

Жиі кездесетін психологиялық-педагогикалық қорытындыларды және олар бойынша кеңес беру тәсілдерін қарастырамыз.

Психикалық дамудың кешеуілдеуі (ПДК).



5-сурет. Қарағанды облысы бойынша ПДК бар балалар саны

Жыл сайын Қарағанды облысы бойынша психикалық дамуы тежелген балалардың саны бірнеше жүз балаға артып келеді. Осы санаттағы балаларды тексеру кезінде ПМПК мамандары тиісті жастағы балаларды тексеру бағдарламаларын пайдаланады.

Пікір: көбінесе мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың ата-аналары баласында ПДК-ін жоққа шығарады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарының басым көпшілігі сөйлеу дамуының кешігуіне байланысты ПМПК-ға жүгінеді. Мектептің бастамасымен ата-аналар бала бастауыш сынып оқушысы болған кезде жүгінеді, сонымен қатар 5-сыныпта өтініш білдірушілердің үлкен пайызы (оқу процесін ұйымдастыруда өзгерістер болған кезде: кабинет жүйесі, ҰБТ пән мұғалімдерінің саны көп).

Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары көбінесе сөйлеудің кешігуіне шағымданады, баланың сөйлеу дамуындағы проблемалардан басқа, танымдық саланың дамуында проблемалар бар екенін аз біледі.

Егер психикалық дамуы тежелген ата-аналар тек сөйлеу дамуының кешігуіне шағымданса, онда кеңес беру кезінде ПМПК мамандары теріске шығару және (немесе) проекция сияқты психологиялық қорғанысқа тап болуы мүмкін, сонымен қатар ата-аналар теріске шығару немесе ашулану сатысында болуы мүмкін (жоғарыдан қараңыз), бұл дау-дамайдың өршуіне әкеледі.

Кеңес беру тактикасын таңдау:

1. Әңгімелесу және баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау кезінде баланың тапсырмаларды орындау тәсілдеріне, оның көмек алу қабілетіне, нұсқауларды орындау қабілетіне әдепті назар аударудың мағынасы бар. Сонымен бірге біз баламен сөйлесеміз («мен саған көмек керек екенін көріп тұрмын, көмектесейін», «жарайды, мұны бірге жасайық»), әрине, «қараңыз анасы, ол не істеп жатыр» деп айтпаймыз.

2. Ата-аналардың белсенді ұмтылысы немесе баланың байланысқа түскісі келмеуі, маман байланыс таппады және нәтижесінде тексеру ақпараттық сипатта болған жоқ деген талаптарды болдырмау үшін; ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалайтын үстелге шақырамыз. Біз оларға маманның нұсқауы бойынша оның қатысуымен тапсырмалар ұсынуды немесе маман Геззел айнасының артынан бақылап отыруды ұсынамыз. Балаға бейімделуге уақыт беруді ұмытпаймыз.

3. Әңгімелесу кезінде ата-аналарға логикалық тәртіпте сұрақтар қойып, ПМПК-нің кейінгі қорытындысымен себеп-салдар байланысын қадағалап отыру керек. Барлық сұрақтар әдепті түрде қойылады, іскерлік интонацияны таңдаймыз, сөйлеу қарқыны орташа болуы керек (асықпаңыз, бірақ созылмаңыз). Егер ата-аналар қойылған сұрақтарға жауап бермесе, онда біз қайталау әдісін қолданамыз (парафраз). Мамандар кезекпен сұрақтар қояды.

4. Жауап беру және эмоционалды көңіл-күйді бақылау негізінде мамандар кеңес берудің екі тактикасының бірін таңдайды (тексеру бағдарламаларын қараңыз). Ата-аналардың болжамды келіспеушілігі кезінде жекеден жалпыға дейінгі алғашқы тактиканы таңдаған жөн.

5. Біздің ойымызша, егер ата-аналардың ПМПК қорытындысымен келіспеуі болжанған жағдайда, тексеруге тікелей белсенді қатысқан маман (бақылаушы ретінде де емес) жетекші кеңес беруші болуы керек. Сондай-ақ, бұл тексеру кезінде ата-аналар ең аз жарыссөзге түскен маман болғаны жөн.

6. Кеңес беру кезінде біз логикалық тұрғыдан негізделмеген болса да, әркімнің өз пікіріне құқығы бар екенін есте ұстаймыз. Осыған байланысты біз ата-аналардың «орнына тұруға» тырысамыз. Психологиялық қорғаныс туралы есте сақтаймыз, іскерлік, бірақ бәрібір тұлғааралық қарым-қатынас аясында боламыз.

ПДТ бар балалардың ата-аналарына кеңес беру кезеңдері (ПМПК-ның тексеру және кеңес беру бағдарламаларына сәйкес)

Бұл бөлімде сөзсіз қабылдаудың 1-3 сатысында тұрған ата-аналардың ықтимал реакцияларына тоқталайық. Бұл бөлімнің мақсаты ата-аналардың

қабылдау кезеңдерінің өмір сүру ерекшеліктерін ескере отырып, баланың сапалы білім алу және толыққанды көмек алу құқығын қорғау үшін ПМПК мамандарын ата-аналармен сындарлы өзара іс-қимылға дайындау.

5-кесте

№	Кезең	Мамандардың әрекеттері	Ата-аналардың ықтимал реакциялары	Өткір жағдайларды тегістеу
1	Баланың ЕБҚ психолого-педагогикалық бағалауының нәтижелерін ата-аналарға баланың сақталған және күшті жақтарын көрсету арқылы түсіндіру.	Мамандар іскерлік және мейірімді реңкте баланың орындаған тапсырмалары туралы, қандай көмекпен және т.б. айтатын болады.	Ата-аналар осы оң жақтарда «тұрып қалуы» мүмкін. Олар: «Міне, көрдіңіздер, ол мұны жасайды ғой» деп айтуы мүмкін.	Ата-аналардың мүдделерін бұзбай, нақты және түсінікті түрде мамандар қандай көмек көрсеткенін атап өту қажет.
2	Баланың бойында кез келген дағдыларды қалыптастыру немесе тәрбиелеудегі ата-аналардың рөлі мен күш-жігерін оң бағалау.	Мамандар ата-аналардың баланың бүгінгі даму деңгейіне жетуі үшін көп нәрсе жасағанын іскерлік және мейірімді реңкте атап көрсетеді.	Кейбір жағдайларда ата-аналар иә, олардың барлық күш-жігері жұмсалса да бала одан әрі алға жылжымайды деп айтуы мүмкін. Немесе, керісінше, өте ұзақ уақыт бойы қалыптасқан дағдылар туралы айтуға қуанышты және, өкінішке орай, одан әрі	Бұл кезеңде дұрыс таңдалған сөздермен ата-аналардың кінәсін азайтуға мүмкіндік бар. Себебі ата-аналар оны баланың даму проблемаларына өздері «кінәлі» деп ойлауы мүмкін. Егер ата-аналар баланың жыл сайын қайталайтын, бірақ әрі қарай дамымайтын дағдыларын

			<p>дамымайтын дағдыларды. Немесе бейсаналық түрде олар өз жетістіктерін баланың жетістіктерімен алмастыра бастайды. Сондай-ақ, бала қандай жеке орталықтарға, қандай «беделді» мамандарға баратынын айтуы мүмкін.</p>	<p>ерекше атап өтсе, оларға өткен жолы мамандар дәл осы дағдыға назар аударғанын еске салу қажет болуы мүмкін («иә, біз көріп тұрмыз, дәл бір жыл бұрынғыдай, Сіздің ұлығыз үшке дейін санайды, бірақ, өкінішке қарай, әрі қарай ілгерілеу байқалмайды»).</p>
3	<p>Баланың әлсіз жақтарын, ауытқуларын және даму бұзылыстарын түсіндіру. Хабарлама ата-аналар өздерінің бастамасы немесе білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарының жолдамасы бойынша консультацияға жүгінген даму проблемаларын баяндаудан</p>	<p>Егер отбасында басқа нейротиптік балалар болса, ата-аналардан белгілі бір жас кезеңдерінде қандай даму айырмашылықтарын байқатпай абайлап нақтылауға болады. Ата-аналардың сұрауына, ата-аналар «иә» деп жауап беретіндей етіп әңгіме құрастырамыз. «Сіз бүгін логопедпен сабаққа қорытынды жасау</p>	<p>Ата-аналар баланың дамуындағы барлық ерекшеліктерге түсініктеме бере алады, оны тұқым қуалаушылықпен ақтайды («менің ағам да нашар оқыды»), жалпы тенденция («иә, онда жарты сыныптар осылай оқиды, одан да жаман және ештеңе жоқ»). Кейде олар тым күрделі</p>	<p>Алдымен барлық тапсырмалар жас ерекшеліктеріне байланысты ұсынылатындығын ескеру. Мүмкіндігінше жұмсақ түрде, сақтықпен әсіресе ПМПК мамандарының ПДТ туралы қорытынды жасауға негіз болған кейбір даму нормаларын еске салуға болады. Қазіргі уақытта басқа балалар немесе туыстар туралы талқылау</p>

	<p>басталады. Бұдан әрі ақыл-ой, сөйлеу, әлеуметтік-коммуникативті немесе сенсомоторлық дамудағы ауытқулар мен бұзылулардың ерекшеліктері мен сипаты нақтыланады.</p>	<p>үшін ПМПК-ға тексеруге келдіңіз, солай ма? Себебі, Сіз балаңыздың сөйлеу дамуындағы кейбір мәселелер бар екенін атап өтесіз, солай ма? Ол толық сөзбен сөйлемейді, оның сөйлеуі басқаларға түсініксіз, иә? Сондай-ақ, Сіз ол кейде күрделі нұсқауларды түсінбейтіні туралы айттыңыз, солай ма?».</p> <p>Біз жалғастырамыз: «Иә, шынымен де, тексеру барысында біз не екенін анықтадық (ата-аналардың басында айтылған алаңдаушылықтары даусыз факт екенін түсіндіру), бірақ сонымен бірге ...»</p>	<p>тапсырмаларды мамандар ұсынған деп айтады («иә, сіз мен мұны өзім де жасай алмайтын тапсырмалар бересіз»).</p>	<p>емес, балаға көмектесу жолдары таңдалатынын еске салу. Өзінің мінез-құлқымен, сөз тіркестерімен, интонациясымен ПМПК мамандары балаға қарсы емес, керісінше оған сапалы білім алу үшін қажетті көмек көрсету керек екенін түсіндіруіміз қажет. Бұл жаста сөйлеу кешігуінің ПДТ-ге әкелетінін атап өту керек, өйткені сөйлеу мен ойлау бір-бірімен тығыз байланысты және сөйлеу ойлаудың «құралы» болып табылады.</p>
4	<p>ПМПК жалпы қорытындысының хабарламасы. Медицина және психологиялық-педагогикалық</p>	<p>«Тексеру нәтижелерінен, біз осындай қорытындыға келдік...» Немесе бұрын айтылған ЕБҚ бағалаудың</p>	<p>Бұл сәтте ата-аналардың кейбірі мамандардың қорытындысын толық түсінбеуі мүмкін екендігі</p>	<p>Интеллектуалды дамудағы бағалау барысында бұрын айтылған ерекшеліктерге тағы да назар аудару қажет.</p>

	<p>қорытындыларды түсіндіру.</p>	<p>барлық маңызды нәтижелерін жаңартып, бұл нәтижелердің барлығы бізге осындай қорытындыларға келуге мүмкіндік бергенін айту. Қорытындыдағы терминдердің не білдіретінін түсіндіреміз. Барлық терминдерді түсінікті, күнделікті тілде түсіндіреміз. Бұл қорытындыларды ұсыну темпі маңызды (жылдам айтпаймыз, ата-аналарға қорытындылар арасында ойлануға уақыт береміз).</p>	<p>әлі де ықтимал. Сондай-ақ, ата-аналардың ПМПК қорытындысымен келіспеуі, ПМПК мамандарының біліктілігіне күмәндануы, маманды тыңдауды қаламауы да ықтимал.</p>	<p>Ата-аналарды жұмсақ әрі достықпен ПМПК жалпы қорытындысын тыңдауға шақыру, әрі барлық мәселелерді тағы да талқылауға мүмкіндік болатынын түсіндіру. Қажет болған жағдайда ата-аналарға мамандардың кәсіби деңгейі мен біліктілігі туралы ақпарат беруге болады, және олардың назарын барлық тексерулер стандартталған ЕБҚ бағалау бағдарламаларына сәйкес жүргізілетініне аударамыз, бұл бағдарламалар бүкіл ел аумағында қолданылады. А.К. Ерсарина ата-аналар тыңдамай кетуге тырысса, оларға: «Сіздерден өтінемін, кетпей тұрып, мені</p>
--	----------------------------------	---	--	---

				тыңдаңыздар, менің барлық дәлелдерімді айтып болғаннан кейін, мүмкін, кетуге деген ниетіңіз қалмайды. Бірақ егер сіздер мені тыңдағаннан кейін кетуді шешсеңіздер, бұл, сөзсіз, сіздердің құқығыңыз» деп айтуға болады.
5	Дамудың бұзылуларына негізделген ПМПК жалпы ұсыныстарын ұсыну және түсіндіру (тексеру бағдарламасы).	Ата-аналардың назарын қорытынды мен ұсыныстар арасындағы логикалық байланысқа аудару. Бүгінгі күні (баланың есімін міндетті түрде атаймыз) психикалық дамудағы темптік кідіріспен байқау жүргізілгенін көріп отырмыз, оны жеңу үшін біз (КППК-де дефектологпен сабақтар, балалар мекемесінде немесе мектепте бағдарламаны бейімдеу және	Кейде ата-аналар балаларына дефектолог қажет екенін айтады, бірақ олардың ПДТ жоқ деп санайды. Не болмаса, олар ұсыныстарға қосымша мамандарды қосуды талап етеді немесе аутизм орталығынан көмек алу қажеттігін айтады (егер қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесуде	Ең бастысы, әсіресе ерте, мектепке дейінгі және бастауыш сынып жасында, ПМПК ұсынатын барлық қызметтер спектрі баланың интеллектуалдық дамуының ерекшеліктерін біршама жеңілдетуге көмектесетінін түсіндіру қажет. Психологиялық-педагогикалық қолдау, КППК және РО мамандарының функционалдық міндеттері туралы айту. Оқыту бағдарламаларын бейімдеудің мәнін

		т.б.) ұсыныс береміз.	қиындықтар немесе бұзылулар болмаса).	түсіндіру. ПМПК мамандары тек баланың ЕБҚ бағалауын жүргізіп қана қоймай, сондай-ақ ақпарат береді, кеңес береді деп есімізде ұстауымыз керек. Ата-аналар ұсыныстарды беру туралы барлық нюанстарды білуге міндетті емес, бұл ПМПК мамандарының функционалдық міндеттері.
6	Кері байланыс. Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, ПМПК қорытындылары мен ұсыныстарын ата-аналар дұрыс түсінгенін тексеру.	Ата-аналардың неге келісетінін, неге келіспейтінін нақтылау. Қорытындыны түсіну үшін уақыт беру.	Бұл кезеңде «ол бұдан құтылады ма?» деген сұрақтар болуы мүмкін (саудаласу кезеңі). Келіспеушілік көрсетілуі мүмкін. Кернеудің немесе басқа теріс эмоциялардың (жылау, айқайлау) шығуы ықтималдығы бар. Кейде аналар	Барлығы түсінікті ме екенін білу үшін А.К. Ерсарина ата-аналардан: «Біздің қорытындымызда н не түсіндіңіз? Енді не істейсіз?» деп нақтылауды ұсынады. Ата-аналардың келіспеушілік жағдайында бірнеше нұсқа болуы мүмкін: мамандар неге осындай қорытындыға


		<p>келісетіндерін айтады, бірақ әкелері келіспейтінін айтуы мүмкін.</p>	<p>келгенін қайта түсіндіру. Интеллектуалдық даму деңгейін нақтылау үшін ПДО-на консультациялық парак беру. Баланың қайта ЕБҚ бағалауын өткізуге шақыру (егер ата-аналар бала жақсы ұйықтамағанын, ауырып қалғанын немесе көңіл-күйі болмағанын айтса). Теріс эмоциялық реакциялар (жылау, ашулану және т.б.) жағдайында эмпатиялық тыңдау қолданылады. Ата-аналарға эмоцияларын бастан кешіру үшін уақыт беру. Қажет болған жағдайда психологпен жеке консультацияны ұсыну. «Барлығы жақсы болады» деп айтпаймыз, өйткені біз болашақты</p>
--	--	---	--

				болжай алмаймыз, себебі баланың психикасы болжамсыз. Жалған үміттер бермеу, бірақ ата-аналардың сенімін қолдау. Отбасында дау-дамай жағдайы туындаса, екі ата-ананың да кеңес алуына уақыт белгілейміз.
--	--	--	--	---

Пікір: егер ЕБҚ бағалау процесі түсінікті болса және ПМПК қорытындысы бойынша кеңес дұрыс берілсе, онда баланың ата-анасының қорытындымен келіспеу немесе кейіннен қайта бағалау мүмкіндігі бар. Ал егер осы екі шарт орындалмаса, онда келіспеушілік қаупі, яғни баланың мүмкіндіктері шектеулі болса, оған жан-жақты көмек көрсету мүмкіндігі азаяды. ПМПК мамандарының міндеті – осы тәуекелдерді мүмкіндігінше азайту.

Жеңіл интеллектуалдық бұзылулар. Орташа интеллектуалдық бұзылулар.

Әлеуметтік-педагогикалық модельге сәйкес, бұл қорытынды жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға – жеңіл интеллектуалдық бұзылулар, орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларға – орташа интеллектуалдық бұзылулар ретінде шығарылады.



6-сурет. Жеңіл және орташа интеллектуалдық бұзылулары бар балалар саны

Салыстырмалы диаграмма нәтижелері Қарағанды облысында жеңіл және орташа интеллектуалдық бұзылулары бар балалардың жыл сайынғы өсуін көрсетеді.

Ата-аналарға баланың интеллектуалдық бұзылулары бар екенін хабарлау өте нәзік процесс болып табылады. Әр адамның өз баласына қатысты күтілетін үміттері бар екенін ескеру қажет. Бұл адамның табиғи қажеттілігі: баласы өздерінен ақылды, бақытты, әлдеқайда жақсы болуын армандау. Әрине, ПМПК мамандарының баланың жалпы білім аттестатын алмайтынын, жоғары оқу орнына түспейтінін хабарлауы ата-аналар үшін өте теріс қабылдануы мүмкін (ата-аналар «қабылдаудың үш алғашқы кезеңінде» болған жағдайда).

Пікір: ПМПК қорытындысы бойынша психикалық даму кешігуі мен интеллектуалдық бұзылулар туралы ата-аналарға хабарлау реакциялары ұқсас болуы мүмкін. Баланың болашағына, оның ересек өмірде тұрақты болуына деген алаңдаушылық бірінші орынға шығады. Сондықтан, оны қорғауға деген инстинктивті тілегі, ПМПК мамандарына қатысты теріс көзқарасқа айналуы мүмкін. ПМПК мамандарына ата-аналардың баланы қорғау құқығын ескере отырып, осы қорғауды іскерлік қарым-қатынас шеңберіне аудару қажет. Сонымен қатар, ата-аналар депрессия кезеңінде болған жағдайда, ПМПК мамандары баланың адекватты көмек пен білім алуға құқығын белсенді түрде қорғауы керек.

6-кесте

№	Кезең	Мамандардың әрекеттері	Ата-аналардың ықтимал реакциялары	Өткір жағдайларды тегістеу
1	Баланың ЕБҚ психолого-педагогикалық бағалауының нәтижелерін ата-аналарға баланың сақталған және күшті жақтарын көрсету арқылы түсіндіру.	Мамандар іскерлік және мейірімді реңкте баланың орындаған тапсырмалары туралы, қандай көмекпен және т.б. айтатын болады.	Балалардағы ПДТ жағдайларында ата-аналар осы оң жақтарда «тұрып қалуы» мүмкін, мысалы: «Міне, көрдіңіздер ме, ол мұны жасайды ғой» деп айтуы мүмкін. Немесе (орташа интеллектуалды бұзылыстары бар жағдайларда) тек баланың дамуының кемшіліктеріне ғана	Артық бағалау жағдайларында – оқыту көмегін қолданғанын, оның қарқындылығын, ұзақтығын атап көрсету. Көмек қабылдау әдістеріне және оны пайдалану өнімділігіне назар аудару.

			назар аударуы мүмкін (4-ші кезең).	Баланың қабілеттері төмен бағаланса, оның орындаған тапсырмаларының көлемін және оларды қандай көмекпен орындағанын ерекше атап көрсету қажет.
2	Баланың бойында кез келген дағдыларды қалыптастыру немесе тәрбиелеудегі ата-аналардың рөлі мен күш-жігерін оң бағалау.	Мамандар ата-аналардың баланың бүгінгі даму деңгейіне жетуі үшін көп нәрсе жасағанын іскерлік және мейірімді реңкте атап көрсетеді.	Көбінесе ата-аналар балалары қандай мамандарға, қаншалықты жиі және қанша уақыт бойы сабақтарға баратындығы туралы айтады. Кейде олар көп күшпен қаражат жұмсалғанына карамастан, өкінішке орай, өзгерістердің болмағанын айтады.	Ата-аналардың кінәсін төмендетеміз. Олардың дамуға қосқан үлесін қолдаймыз (бұл шынымен үлкен жұмыс, мамандардың мұны ұмытпауы қажет). Бұл жүйелі көмек арқасында бала бүгін белгілі бір көлемдегі тапсырмаларды орындауға қабілетті болғанын ерекше атап көрсетеміз.
3	Баланың әлсіз жақтарын,	Егер отбасында басқа	Жиі, әсіресе мектеп оқушыларының	Сондай-ақ, барлық

<p>ауытқуларын және даму бұзылыстарын түсіндіру. Хабарлама ата-аналар өздерінің бастамасы немесе білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарының жолдамасы бойынша консультацияға жүгінген даму проблемаларын баяндаудан басталады.</p> <p>Бұдан әрі ақыл-ой, сөйлеу, әлеуметтік-коммуникативті немесе сенсомоторлық дамудағы ауытқулар мен бұзылулардың ерекшеліктері мен сипаты нақтыланады.</p>	<p>нейротиптік балалар болса, ата-аналардан белгілі бір жас кезеңдерінде қандай даму айырмашылықта рын байқатпай абайлап нақтылауға болады.</p> <p>Ата-аналардың сұрауына, ата-аналар «иә» деп жауап беретіндей етіп әңгіме құрастырамыз.</p> <p>«Сіз бүгін логопедпен сабаққа қорытынды жасау үшін ПМПК-ға тексеруге келдіңіз, солай ма? Себебі, Сіз балаңыздың сөйлеу дамуындағы кейбір мәселелер бар екенін атап өтесіз, солай ма? Ол толық сөзбен сөйлемейді, оның сөйлеуі басқаларға түсініксіз, иә? Сондай-ақ, Сіз ол кейде күрделі</p>	<p>ЕБҚ бағаланған кезде, ата-аналар тапсырмалар тым қиын болғанын айтады.</p> <p>Олар қазір өздеріне калькулятор арқылы есептеуге де болатынын айтып отырады. Кейде мұғалімдерге бұрын проблемаларды айтпағаны үшін өкпелерін білдіреді.</p> <p>Олар бүгін ғана тапсырманы орындамағанын, бірақ әрдайым орындап жүргенін айтады.</p> <p>Оларға сәйкес келетін тәсіл табылмағанын, балаға катал сөйлесу керек еді деп, ал мұғалімдер оны жай ғана еркелеткенін айтады.</p> <p>Олар баланың ПМПК-да әрқашан осылай істейді, ал басқа жерлерде басқаша екенін айтады.</p>	<p>тапсырмалар жас ерекшеліктерін е байланысты ұсынылатынды ғын ескеру қажет.</p> <p>Қазіргі уақытта басқа балалар немесе туыстар туралы талқылау емес, балаға көмектесу жолдары таңдалатынын, ал көмекті тек сіздің балаңызға бағыттау керек екенін еске салу.</p> <p>Интеллектінің бұзылуы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін ЕБҚ бағалаудың барлық маңызды сәттерін атап өту.</p> <p>ПМПК мамандарының өзіне қажетті сапалы білім алу үшін барлық көмекті</p>
--	---	--	--

		<p>нұсқауларды түсінбейтіні туралы айттыңыз, солай ма?»).</p> <p>Біз жалғастырамыз: «Иә, шынымен де, тексеру барысында біз не екенін анықтадық (ата-аналардың басында айтылған алаңдаушылықтары даусыз факт екенін түсіндіру), бірақ сонымен бірге ...»</p>	<p>көрсету үшін жұмыс істейтініне өз мінез-құлқы, сөздері мен интонациялары мен дәлел келтіру.</p> <p>Ата-аналардың айыптап, өзін-өзі айыптап кетпеуіне тырысу, біз ЕБҚ-ін нақты уақыттағы жағдайды, яғни осы жерде және қазір анықтап жатқанымызды еске салу. Және қазіргі даму ерекшеліктерін е негізделген қажетті көмекті таңдау ниетімізді көрсету.</p> <p>Ата-аналардың «тек мұнда осылай өзін ұстайды, еркеледі және т.б.» деген сөздеріне сыни ойлауды түсіндіру, сондай-ақ сабақтардың видеосын көрсетуді</p>
--	--	---	--

				ұсыну.
4	<p>ПМПК жалпы қорытындысының хабарламасы. Медицина және психологиялық-педагогикалық қорытындыларды түсіндіру.</p>	<p>«Тексеру нәтижелерінен, біз осындай қорытындыға келдік...» Немесе бұрын айтылған ЕБҚ бағалаудың барлық маңызды нәтижелерін жаңартып, бұл нәтижелердің барлығы бізге осындай қорытындыларға келуге мүмкіндік бергенін айту. Қорытындыдағы терминдердің не білдіретінін түсіндіреміз. Барлық терминдерді түсінікті, күнделікті тілде түсіндіреміз. Бұл қорытындыларды ұсыну темпі маңызды (жылдам айтпаймыз, ата-аналарға қорытындылар арасында ойлануға уақыт береміз).</p>	<p>Осы кезеңде кейбір ата-аналардан ең жиі естілетін фраза: «Сіз менің баламның ақыл-есі толық емес деп айтқыңыз келе ме?» Қорытындыға ашық түрде теріс реакцияның болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда бала интеллектуалды бұзылыстар бойынша мүгедектік алады, бірақ ата-аналар осы кезеңде ПМПК-да интеллекті жағынан мәселелердің барын жоққа шығарады.</p>	<p>Мұндай реакциялар – бұл қорғаным және болашақ үшін алаңдаушылықтың тәсілдері, оларға түсіністікпен қарау керек. Баланы таңбалаудан бас тартуға шақырамыз. ПМПК қорытындысының мақсаты «диагносттарды» анықтау емес, сапалы білім алуға қажетті жағдайларды анықтау екенін түсіндіреміз. Ата-аналарды мейірімді әрі достық қарым-қатынаста ПМПК қорытындысын толық тыңдауға шақырамыз, бәрін тағы да талқылауға мүмкіндік болатынын түсіндіреміз. Мүгедектік</p>

				туралы ақпаратты, ПДО қорытындыларын өзектендіреміз.
5	Дамудың бұзылуларына негізделген ПМПК жалпы ұсыныстарын ұсыну және түсіндіру (ЕБҚ бағдарламасы).	Қорытынды мен ұсыныстар арасындағы логикалық байланысқа ата-аналардың назарын ерекше аударамыз. Өйткені, қазіргі таңда балада (бала аты-жөнін міндетті түрде атаймыз) интеллекті бұзылуы байқалады, баланың мүмкіндіктеріне сәйкес сапалы білім алуын қамтамасыз ету үшін біз (жеке оқу бағдарламасын, арнайы мектеп жағдайында интеллекті бұзылған балаларға арналған арнайы бағдарлама бойынша оқытуды және	Ата-аналар балаға оқу орны таңдау мәселесінде күмәндануы мүмкін (жалпы білім беру мектептері мен арнайы мектеп (балабақша) арасында таңдау). Олар жеке оқу бағдарламасының мазмұнын түсінуде, ПДТ мен интеллект бұзылыстары бар балаларға арналған оқу бағдарламаларының айырмашылықтары н түсінуде қиындықтарға тап болуы мүмкін.	Ата-аналар үйде туыстарымен ойланып, талқылап, келесі күні дайын шешіммен келуін ұсынамыз. Мамандар оқу бағдарламасының негізгі аспектілері туралы егжей-тегжейлі түсіндіреді. Олар «арнайы» аттестат туралы, сондай-ақ мектептен кейін ТЖКБ ұйымдарында оқу мүмкіндіктері туралы ақпарат береді.

		т.б.) ұсынамыз.		
6	Кері байланыс. Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, ПМПК қорытындылары мен ұсыныстарын ата-аналар дұрыс түсінгенін тексеру.	Ата-аналардың неге келісетінін, неге келіспейтінін нақтылау. Қорытындыны түсіну үшін уақыт беру.	Көбінесе ата-аналар 2-3 кезеңде болғанда сұрақтар ПДТ қорытындысын айтқандағы сұрақтармен ұқсас болуы мүмкін. «Егер біз жаттығатын болсақ, бұл өтеді ме?» «Ол жалпы сыныпта оқи алмай ма?» «Бұл емделе ме?» «Бұған дейін ол ПДТ балаларға арналған интернатқа барса, мүмкін сол жерде оның бәрі дұрыс болады ма?»	ПМПК мамандарына «Мен сіздерді өте жақсы түсінемін» деген фразаны айтпау керек, себебі бұл қате түсінілетін болуы мүмкін. Оның орнына «Мен тек қана сіздердің не сезінетінін сізді елестете аламын» деп айту дұрыс. Бұл емделе медеген сұраққа жауап бергенде, баланың болашағына қатысты шынайы болжамды беру қажет. Бұл болжам бала қабілеттерінің әлеуетін жүзеге асыруға және қоғамда бейімделуіне қатысты болуы тиіс (біз «бәрі жақсы болады» деген сөзді қолданбауды ұмытпауымыз

				керек). Сонымен қатар, теріс болжамдардан аулақ болу қажет, себебі біз ата- аналардың барлық сезімдерін және кейінгі әрекеттерін білмейміз (баланың психологиялық, эмоциялық және физикалық зиян көруінің алдын алу үшін).
--	--	--	--	--

Осылайша, психикалық дамудың тежелуі, жеңіл және орташа интеллект бұзылыстары бар балалардың ата-аналарымен кеңес беру кезінде ата-аналардың мүмкін болатын реакцияларын алдын ала болжау қажет, өткір проблемалық реакцияларды жұмсарту керек, баланың дамуына қатысты шынайы, бірақ пессимистік емес болжамды жеткізу керек және әрдайым баланың мүддесінен шығу керек.

4. Ата-аналарды медициналық қорытындылар бойынша консультациялау

Қазіргі уақытта ПМПК жұмысы медициналық емес, әлеуметтік-педагогикалық тәсілге негізделгеніне қарамастан, дәрігерлердің тексеруі мен кеңес беруі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауда маңызды рөл атқарады. Медициналық тексеруді және консультация беруді невропатолог дәрігер, психиатр дәрігер, офтальмолог дәрігер және сурдолог дәрігер жүзеге асырады.

ПМПК дәрігерлерінің әлеуметтік-педагогикалық модель шеңберіндегі қызметі медициналық диагноз қоюдан және емдеу бойынша ұсынымдардан медициналық диагноздың және жалпы баланың денсаулық жағдайының оның дамуы мен оқу процесіне, оның ерекше білім беру қажеттіліктеріне әсерін анықтауға және білім алу үшін арнайы жағдайларды анықтауға баса назар аударуды білдіреді.

ПМПК-да психиатр-дәрігерлердің, невропатолог-дәрігерлердің медициналық тексеруі тексеру бағдарламаларына және диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізіледі (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссиясымен 2017 жылғы 5 қазанда мақұлданған).

ПМПК-да көп жылдық жұмыс тәжірибесі, балаларды тексеру және ата-аналарға кеңес беру тәжірибесі жүйке-психикалық функциялардың бұзылуының, психикалық дамудың бұзылуының үйлескен құрылымы бар балалар санының өсу тенденциясын көрсетеді. Неврологиялық және психиатриялық патологияның үйлесімі барған сайын жиі кездесуде. Осыған байланысты ПМПК қызметіндегі дәрігерлердің рөлі мен жауапкершілігі артып келеді.

Дәрігерлер жұмысының ерекшелігі – ұсынылған медициналық құжаттамаға (№ 052/у нысаны «Амбулаторлық науқастың медициналық картасы», дәрігерлік-кеңес беру комиссияның қорытындысы, мүгедектік туралы қорытынды) және жүргізілген медициналық тексеруге сүйене отырып, педагогтармен бірлесіп, баланың оқуындағы қиындықтарының себептері мен сипаты, оның ерекше білім беру қажеттіліктері туралы бірыңғай қорытынды жасау қажет, осы қорытынды негізінде білім алу үшін қажетті арнайы жағдайлар мен арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау айқындалады [15].

Білім алу үшін арнайы жағдайларды жасауға бағытталған іс-шаралардың мазмұны міндетті түрде баланың медициналық сүйемелдеу қажеттіліктерін

(неврологиялық, психиатриялық, офтальмологиялық, сурдологиялық, педиатриялық) ескеруі тиіс.

ПМПК дәрігерлерінің басты міндеттерінің бірі – баланың психикалық функцияларының дамуының бұзылуына себеп болатын (немесе жоғары ықтималдықпен себеп болуы мүмкін) медициналық мәселелерді (аурулар, патологиялық жағдайлар) анықтап қана қоймай, сонымен қатар оның денсаулық жағдайының оқу процесіне әсерін бағалау, баланың табысты білім алуы, дамуы және әлеуметтенуі үшін қажетті жеке арнайы жағдайларды айқындау болып табылады.

ПМПК дәрігерлері әріптестерімен талқылап, бірлескен шешім қабылдағаннан кейін, кейбір жағдайларда (7,8-суретте көрсетілген) балаларды тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына немесе Психикалық денсаулық орталығына жіберуі мүмкін, бұл ретте ата-аналарға консультациялық парақ беріледі.



7-сурет. Дәрігерлердің консультациялық парақтарының мүмкін нұсқалары

ПМПК дәрігерлері Психикалық денсаулық орталығына жібереді:		
Психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстарға (ауруларға) күдік болған жағдайда	Психоактивті заттарды қолдану, суицидтік мінез-құлық жағдайында	Интеллектуалдық дамуын нақтылау мақсатында

8-сурет. ПДО-на жіберу себептері

Бала жағдайы мектепке баруға мүмкіндік бермейтін және оның медициналық диагнозы үйде оқыту ұйымдастырылатын аурулар тізіміне сәйкес келген жағдайларда, ПМПК дәрігерлері ата-аналарға кеңес береді және оларды тұрғылықты жері бойынша емдеуші дәрігерге жүгінуге ұсынады. Бұл үйде оқыту мәселесін шешу және белгілі бір мерзімге үйде оқытуға ұсыным берілген дәрігерлік-кеңес беру комиссияның (ДКК) қорытындысын алу мақсатында жүргізіледі [16].

Егер үйде оқытуға көрсеткіші бар баланың мүгедектігі болса, онда кеңес беру процесіне әлеуметтік педагог қосылады. ПМПК әлеуметтік педагогы ата-аналарға үйде білім алатын мүгедек балалардың үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу бойынша мемлекеттік қызмет алуға құқығы бар екенін түсіндіруі тиіс [17].

Кейбір жағдайларда ПМПК дәрігерлері ата-аналарға баланың емдеуші дәрігеріне жүгіну туралы кеңес береді. Бұл үйде денсаулығына байланысты оқыған немесе денсаулығы әлсіз түлектерді мемлекеттік (қорытынды) аттестациядан өткізу немесе одан босату мәселесін шешу үшін қажет.

Ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне кеңес берудің басты мақсаты – олардың баланың проблемаларын, оларды еңсеру жолдарын, шарттарын және мүмкіндіктерін дұрыс қабылдауына, сондай-ақ өздерінің жауапкершілігі мен осы мәселелерді шешудегі ресурстарын түсінуіне қол жеткізу. Бұл мақсатқа жету үшін кеңес беруді тек баланың дамуындағы бұзылыстар туралы кәсіби пікір білдірумен және жалпы ұсынымдар берумен шектемей, оны тиімді ұйымдастыру маңызды.

ПМПК тәжірибесінде кейде балаға тереңдетілген тексеру, емдеу немесе бақылау бойынша нақты, мекенжайлық ұсыныстар қажет болатын жағдайлар кездеседі, мұндай жағдайда ата-аналарға жеке кеңес беру ұсынылады. Жеке кеңес беру қосымша уақыт бөлуді және дәрігердің алдын ала дайындығын талап етеді, қажет болған жағдайда ол ПМПК басшысымен бірлесіп жүргізіледі. Бұл жерде дәстүрлі және негізгі әдіс – әңгімелесумен қатар, баланың ата-аналары ұсынған қызметінің бейнежазбаларын талдау әдісі де қолданылуы мүмкін. Бала мінез-құлқының егжей-тегжейлі кадрлық талдауы кеңес берудің мақсатына жетуге ықпал етеді, ал нақты айтқанда ол ата-аналарға баланың әлеуетті мүмкіндіктерін, ресурстарын, күшті жақтарын көрсетуге, сондай-ақ олардың баласының қиындықтары мен мәселелерін қабылдап, оларды еңсерудің дұрыс жолдарын ойластыруына көмектесуге мүмкіндік береді [18].

5. Ата-аналарды білім беру ұйымын таңдауға қатысты кеңес беру

Бала үшін білім беру ұйымын таңдау құқығы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен бекітілген. «49-бап. Ата-аналардың және басқа да заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері.

1. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері құқылы:

1) баланың қалауына, жеке бейімділігіне және ерекшеліктеріне сәйкес білім беру ұйымдарын таңдауға...»

ПМПК – мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға бағыттау құзыретіне ие ұйым. Бұл қызмет Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының жоғарыда аталған бабына толық негізделген және ата-аналарды білім беру ұйымын таңдауға қатысты сапалы әрі жан-жақты кеңес беруге тікелей байланысты. Ата-аналар ПМПК-ға белгілі бір білім беру ұйымын таңдау туралы дайын сұраныспен жүгінген жағдайда, ПМПК мамандары ата-аналар таңдауының негізділігі мен саналығын қамтамасыз ету мақсатында, баланың қажетті арнайы психологиялық-педагогикалық көмекті ала алатын барлық білім беру ұйымдары туралы толық ақпарат беруге міндетті.

Арнайы білім беру ұйымдарының инфрақұрылымы келесі түрлермен ұсынылған:

- 1) Реабилитациялық орталық;
- 2) Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті;
- 3) Аутизммен ауыратын балаларды қолдау орталығы.

Ата-аналардың білім беру ұйымын таңдауда қиындықтарға тап болмауы үшін, ПМПК мамандары кеңес беру барысында баланың арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау ала алатын әрбір білім беру ұйымы туралы толық ақпарат ұсынады.

Енді консультациялық жұмыс барысында ата-аналарға түсіндірілуі қажет арнайы білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін қарастырайық.

5.1. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті (ПТТК) жағдайында қанағаттандыру

Арнайы білім беру ұйымы	Жеке дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларын іске асыру
<div style="border: 1px solid black; padding: 2px; display: inline-block;">ПТТК</div>	<div style="border: 1px solid black; padding: 2px; display: inline-block;">ПТТК</div>
Жеке, топшілік және топтық сабақтарды психолог, логопед, дефектолог, сурдопедагог, тифлопедагог, әлеуметтік педагог және бейімделген дене шынықтыру мұғалімі жүргізеді	Психофизикалық дамуы бұзылған балаларға туғанынан бастап 18 жасқа дейін кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, басқа арнайы білім беру ұйымдарына баратын балалардан басқа

9-сурет. ПТТК сипаттамасы.

ПТТК-ның негізгі сипаттамасы 7-суретте көрсетілген.

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау жүйесінде маңызды рөл атқарады. Олар уақтылы түзету көмегін және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге, балалардың табысты білім алуы мен әлеуметтік бейімделуіне ықпал етуге міндетті.

ПТТК-ның тиімді жұмысы мамандардың пәнаралық өзара әрекеттестігін, түзету әдістерінің дербестендірілуін және ата-аналардың белсенді қатысуын қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Мұндай кабинеттерді дамыту және қолдау Қазақстандағы инклюзивті білім беруді жүзеге асырудағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды қадамдарының бірі – жалпы білім беретін ұйымдарда психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметтерінің пайда болуы. Бұл қызметтердің ең көп сұранысқа ие мамандары – дефектолог-мұғалімдер, логопед-мұғалімдер, педагог-психологтар және әлеуметтік педагогтар. Инклюзивті білім беруді және психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет ететін мүмкіндіктері шектеулі балалардың негізгі контингенті психикалық дамуы тежелген, ақыл-ойы бұзылған, сөйлеу қабілеті бұзылған, қарым-қатынасы мен әлеуметтік өзара әрекеттесуі бұзылған балалар болса да, жалпы білім беру ұйымына есту, көру, тірек-қимыл аппараты айқын бұзылған балалар келеді. Дәл осы санаттағы балалар ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сурдопедагогтың, тифлопедагогтың, бейімделгіш дене шынықтыру мұғалімінің көмегін қажет етеді. Қазіргі уақытта Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептер мен балабақшалардың психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметтеріне мұндай штаттық

бірліктерді енгізу тәжірибесі жоқ. Сондықтан бұл санаттағы балаларды психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттеріне жіберу орынды болып табылады. Яғни, балалар дефектолог, психолог және логопедтің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуін өздерінің білім беру ұйымдарында (мектепте немесе балабақшада) алады, ал сурдопедагог, тифлопедагог немесе бейімделген дене шынықтыру мұғалімінің көмегін ППТК жағдайында алады.

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеудің заманауи әдістері мен технологиялары қолданылады:

- ✓ Ойын терапиясы – эмоционалды-ерік бұзылыстарын түзетуге, әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған.
- ✓ Сенсорлық интеграция – сенсорлық өңдеу бұзылыстары бар балалардың қабылдауын және қозғалысты үйлестіруін дамытуға бағытталған әдіс.
- ✓ Арт-терапия (сурет салу, мүсіндеу, музыка) – балалардың эмоцияларын білдіруіне және ұсақ моториканы дамытуына көмектеседі.
- ✓ Қолданбалы мінез-құлықты талдау (АВА-терапия) – қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар балалардың мінез-құлқын түзету үшін қолданылады.

Бұл және басқа да түзету-педагогикалық әсер ету құралдары әр балаға жеке түзету стратегияларын таңдауға мүмкіндік береді.

Балалардың дамуындағы оң динамикаға қол жеткізу үшін ППТК-нің ата-аналармен және педагогтармен тығыз ынтымақтастығы маңызды. Бұл мақсатта келесі шаралар жүргізіледі:

- ✓ Ата-аналарға тәрбиелеу және ЕБҚ бар балаларды оқыту әдістері бойынша жеке және топтық кеңестер, тренингтер өткізу.
- ✓ Баланың дамуына арналған жеке ұсыныстарды әзірлеу.
- ✓ Бірлескен дамытушы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу.
- ✓ Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша педагогтарға арналған семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру.

Осындай өзара әрекеттесу түзету көмегінің тиімділігін арттырып, балалардың білім беру ортасына табысты бейімделуіне ықпал етеді.

Ата-аналарға ППТК-де балаларға көмек көрсету процесі түзету сабақтарының жоспарына сәйкес реттелетінін түсіндіру маңызды. Осыған сәйкес балалар мамандардың сабақтарына аптасына 2-3 рет қатысады, әр сабақтың ұзақтығы 35-45 минутты құрайды.

0-1 жас аралығындағы балалар үшін ата-аналарға айына 1-2 рет кеңес беру сабақтары ұйымдастырылады. Ерте жастағы балалармен (1-3 жас) ата-аналардың белсенді қатысуымен жеке және топтық сабақтар өткізіледі.

Егер балада келесі жағдайлардың бірі анықталса немесе бар болса, онда бұл ППТК сабақтарына қатысуға медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады:

- 1) жедел инфекциялық аурулар;
- 2) созылмалы спецификалық емес аурулар (туберкулез және басқа аурулар);
- 3) әртүрлі генездегі айқын энцефалопатиялық және психопатиялық мінез-құлық бұзылыстары (емдеу кезеңінде);
- 4) айына 1 немесе одан да көп рет болатын ірі эпилепсиялық ұстамалар, аптасына 2-3 немесе одан да көп рет болатын кіші немесе құрысусыз ұстамалар [2].


5.2. Оңалту орталығы (ОО) жағдайында мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру

<p style="text-align: center;">- Арнайы білім беру ұйымы</p> <p>- Жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламалары іске асырылады</p>	<p>Психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік кешенді көмек психофизикалық дамуында бұзылыстары бар туғаннан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге көрсетіледі, басқа арнайы білім беру ұйымдарына баратын балалардан басқа.</p>
ОО	
<p>Жеке, кіші топтық және топтық сабақтарды психолог, логопед, дефектолог, сурдопедагог, тифлопедагог, әлеуметтік педагог және емдік дене шынықтыру жөніндегі (ЕДШ) нұсқаушысы жүргізеді.</p>	<p>Маңызды: Орталыққа ең алдымен туғанынан үш жасқа дейінгі ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балалар, сондай-ақ ауыр және күрделі бұзылыстары бар балалар қабылданады.</p>

10-сурет. ОО сипаттамасы

Оңалту орталықтың басқа арнайы білім беру ұйымдарынан басты ерекшелігі – медициналық көмектің көрсетілуі. Оңалту орталықтағы медициналық көмек келесі мамандар тарапынан жүзеге асырылады:

1. дәрігер-невропатолог,
2. дәрігер-реабилитолог,
3. дәрігер-психиатр,
4. дәрігер-офтальмолог,
5. дәрігер-сурдолог,
6. емдік дене шынықтыру жөніндегі (ЕДШ) нұсқаушысы [2].



11-сурет. Оңалту орталығындағы медициналық көмек

Оңалту орталықтың келесі ерекшелігі – қысқа мерзімді немесе күндізгі болу топтарының жұмыс істеуі. Бұл басқа білім беру ұйымдарына бармайтын ауыр және күрделі бұзылыстары бар балалар үшін маңызды артықшылық болып табылады.

Оңалту орталықтарының мамандары:

- ✓ Баланың білім жетістіктерін тұрақты түрде бақылап отырады.
- ✓ Логопедтермен, психологтармен, дәрігерлермен бірлесе отырып, пәнаралық тәсілді жүзеге асырады.
- ✓ Оқытудың тиімділігін арттыру үшін ата-аналармен жұмыс ұйымдастырады.
- ✓ Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жеке ерекшеліктеріне бейімделген заманауи білім беру технологияларын қолданады.
- ✓ Біліктілігін арттырып, тренингтер мен ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына қойылатын талаптар:

- ✓ Білім беру үдерісіне белсенді қатысу.
- ✓ Жеке оқу жоспарының орындалуын қадағалау.
- ✓ Педагогтармен және орталық мамандарымен өзара әрекеттесу.
- ✓ Үй жағдайында баланың оқуы мен дамуына қолайлы орта қалыптастыру.

Педагогтар, дәрігерлер және ата-аналардың тиімді ынтымақтастығы балалардың қоғамға бейімделуіне, олардың әлеуетін ашуға және табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Ата-аналарға реабилитациялық орталықта балаларға көмек көрсету үдерісі түзету сабақтарының жоспарына сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндіру маңызды. Бұл жоспарға сәйкес балалар мамандардың сабақтарына аптасына 2-3 рет қатысады, әр сабақтың ұзақтығы 35-45 минутты құрайды. 0-ден 1 жасқа дейінгі балалар үшін, ППТК-дегідей, ата-аналарға арналған кеңес беру сабақтары айына 1-2 рет бекітілген кесте бойынша өткізіледі. Сонымен қатар, ерте жастағы балаларға (1-3 жас) ата-аналардың қатысуымен жеке және топтық сабақтар ұйымдастырылады.

Оңалту орталыққа баруға медициналық қарсы көрсетілімдер ППТК-ге бару жағдайындағыдай болып табылады.

5.3. Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы (аутизм орталығы) жағдайында мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру

<p>- Арнайы білім беру ұйымы - Жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламалары іске асырылады</p>	<p>Жеке, топтық/топтық жұмыс, психологиялық-педагогикалық кеңес беру және ата-аналар немесе заңды өкілдерді (отбасы мүшелерін) оқыту.</p>
<p>Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы</p>	
<p>Аутизмі бар балаларға (АСБ), оның ішінде білім беру ұйымдарында, арнаулы білім беру ұйымдарында білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді</p>	<p>АСБ скринингін жүргізу және кеңес беру-диагностикалық көмек алу мақсатында ата-аналар (заңды өкілдер) ПМПК қорытындысысыз да жүгінуге құқылы.</p>

12-сурет. Аутизм орталығының сипаттамасы

Аутизм орталығының қызметінің негізгі сипаттамасы 10-суретте көрсетілген.

Психологиялық-педагогикалық қолдау балалардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы әдістер мен заманауи оқыту технологияларын қолдана отырып жүзеге асырылады.

Аутизм орталығының арнайы педагогтары баланы қабылдағаннан кейін оның психофизикалық жағдайын диагностикалық тексеруден өткізеді. Оның нәтижелері функционалдық талдауға ұшырап, олардың негізінде жеке даму бағдарламасы әзірленеді, бағдарламаларына сәйкес [2]:

<p>«Ерте қолдау» - 0-ден 3 жасқа дейінгі балалар үшін. Мақсаты: ата-ана мен бала арасындағы өзара әрекеттестік.</p>	<p>«Оқыту дағдыларын дамыту» Мақсаты: 3 жастан 10 жасқа дейінгі балаларда оқу дағдыларын қалыптастыру және дамыту.</p>	<p>«JASPER тілдік дағдыларды дамыту» Мақсаты: 3-7 жас аралығындағы балаларда тілдік және ойын дағдыларын дамыту.</p>
<p>«Әлеуметтік дағдыларды дамыту» Мақсаты: 5 жастан бастап қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесуде қиындықтары бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту.</p>	<p>«Өмірлік дағдыларды дамыту» Мақсаты: 5 жастан асқан бала, өзін-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>«Интенсивті курс» Мақсаты: ата-аналарды оқыту арқылы баланың өмір сүру дағдыларын дамыту (көбіне қала сыртынан келгендер үшін).</p>

13-сурет. АБҚО-дағы бағдарламалар

Арнайы педагогтар бағдарламалар бойынша әр сабақтың нәтижелері бойынша күнделікті мониторинг жүргізеді және бүкіл цикл аяқталғаннан кейін баланың дамуы бойынша қорытынды баға береді.

Цикл аяқталғаннан кейін клиникалық педагог ата-аналарға қалыптасқан дағдыларды нығайту және жаңа дағдыларды үй жағдайында меңгеру бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Цикл бойы ата-аналар үшін бекітілген кестеге сәйкес аутизм-орталығының мамандары оқыту семинарларын, тренингтерді, вебинарларды, консультацияларды және супервизияларды жеке және топтық сабақтар түрінде өткізеді.

Ата-аналарға аутизм-орталығы ұсынатын көмек барлық қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу қиындықтары бар балаларға қолжетімді екенін білуі керек, бұл балалар басқа білім беру ұйымдарында оқиды ма, жоқ па, оған қарамастан.

5.4. Ата-аналарға (занды өкілдері) мектепке дейінгі ұйымды, орта білім беру ұйымын таңдау бойынша кеңес беру

Ата-аналарға білім беру ұйымын таңдау мақсатында кеңес беру кезінде олардың арнайы балабақшаға (арнайы топқа) немесе арнайы мектепке (арнайы сыныпқа) баруды таңдағанда, баланың ауытқуының түріне сәйкес келу керектігін жеткізу өте маңызды. Мысалы, кейбір ата-аналар жақын жерде орналасқан тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектепке оқытуға сұраныс береді, бірақ баланың интеллектісі бұзылған, бірақ тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары жоқ. Кеңес беру кезінде нормативтік құқықтық актілерге сүйене отырып, ата-аналарды дұрыс, түсінікті және әдепті түрде сендіру маңызды, бұл жағдайда мұндай мектепті таңдау мүмкін еместігін түсіндіру қажет. Кеңес беруді жалғастыра отырып, баланың ауытқуына сәйкес келетін арнайы мектептің мықты жақтары мен артықшылықтарын ашып көрсету керек. Сол сияқты, арнайы мектепке дейінгі ұйымдар бойынша да кеңес береміз.

Ата-аналарға мектепке бару немесе мектеп таңдау мәселесін шешу сұрауымен кеңес берген кезде, білім алудың барлық мүмкін нұсқалары бойынша ақпарат беру өте маңызды. Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің үш нұсқасы көзделген:

1. Жалпы білім беру мектебінің жалпы сыныбында оқу.
2. Жалпы білім беру мектебінде бұзылыстар түрлері бойынша арнайы сыныпта оқу.
3. Бұзылыстар түрлері бойынша арнайы мектепте (арнайы мектеп-интернатта) оқу.

ПМПК маманы кеңес беру барысында осы баланың әртүрлі оқу нұсқаларындағы мүмкіндіктері, ерекшеліктері және әртүрлі қауіптер туралы толық ақпарат беруі қажет. Сапалы және ашық кері байланыс ұйымдастырылған жағдайда, ата-аналардың оқу нұсқасын және білім беру ұйымын таңдаудағы сұрақтары мен күмәндары шешіледі.

Мысал ретінде, психикалық дамудың тежелуі негізгі бұзылыс болып табылатын және оған қосымша мінез-құлықтың қиындықтары, сөйлеу бұзылыстары бар баланы мектеп таңдау бойынша кеңес беруді қарастырайық.

Бірінші нұсқаны сипаттағанда – жалпы білім беру мектебінің жалпы сыныбында оқу, инклюзивті білім берудің мәні мен маңызын ашып көрсету маңызды және оның артықшылықтары балалардың тұрғылықты жеріне жақын, мектепте оқуы, яғни үйден қадамдық қашықтықта болуы, мектепте баланың

ПМПК қорытындысына сәйкес сапалы білім алу үшін арнайы жағдайлардың жасалуы. Атап айтқанда: 1) баланы жалпы білім беру оқу бағдарламасы бойынша оқыту, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (МЖБС) талаптарына сәйкес, бірақ баланың ерекше білім беру қажеттіліктеріне бейімделген түрде.

2) Оқыту нәтижелерін бағалау кезінде бағалау критерийлері мен әдістері өзгертіледі;

3) Мектепте дефектолог-мұғалім, логопед, педагог-психолог тарапынан психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі, олардың негізгі міндеті оқу бағдарламасын меңгеруге көмектесу.

4) Жалпы оқу процесі жеке тұлғалық көзқарасқа негізделеді.

Әрі қарай, кеңес беру кезінде жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеу деген не екенін түсіндіру қажет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыға арналған жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеу процесі туралы И.Г.Елисееваның «Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу-тәрбие процесін даралау» әдістемелік ұсыныстарында егжей-тегжейлі жазылған [19]. Ата-аналарға оқу мақсаттары, оқу материалының мазмұны бала бағдарламалық материалды игере алатындай етіп түзетілетіні түсіндіріледі. Сынып мұғалімі оқу процесінің мазмұнын, әдістерін, тәсілдерін және әдістемелерін баланың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес таңдайды. Жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу сүйемелдеу мамандарының ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде және бала қиындыққа тап болған пәндер бойынша ғана жүргізіледі.

Психикалық дамуы тежелген оқушыны оқыту процесінде жеке көзқарас келесідей жүзеге асырылады: балаға қажетті оқу мақсаттары мен міндеттерін бейімдей отырып, оларды жүзеге асыру үшін жеке оқу тапсырмалары әзірленеді, қосымша дидактикалық материал, сондай-ақ кері байланыс орнату және осы баланың оқу іс-әрекетінің процесін бақылау үшін материалдар қолданылады. Сонымен қатар, мұғалім нұсқауларды жеңілдетеді немесе бөледі, оқушының өзіндік жұмысы үшін көрнекілік құралдарын немесе алгоритмдік тапсырмаларды таңдайды. Бірте-бірте оқушыны білімді қолданудың, талдаудың, синтездің жаңа, жоғары деңгейіне шығару мақсатында оқу процесін бейімдеу және даралау жөніндегі іс-шаралар көлемі аздауы тиіс. Мұғалім оқушыны бейімделген бағдарламаға сәйкес тапсырмаларды ұсына отырып, бүкіл сынып орындайтын оқу іс-әрекетінің сол түрлеріне қосуды ұйымдастырады [19].

Кеңес берудің келесі кезеңінде оқушыға баға беру туралы айту маңызды. Бұл сұрақ көбінесе ата-аналарды қатты алаңдатады, өйткені бағалау оқудың нәтижелерін, оқушының жетістігін көрсетеді. Сондықтан оны мұқият түсіндіру маңызды.

Балаларды оқытудағы инклюзивтілік қағидаты ЕБҚ бар балалардың оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері мен өлшемдерін өзгертуді көздейді. Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерін өзгерту әр оқушының мүмкіндіктерін ескере отырып, бейімделген (жеке) оқу бағдарламасының мазмұнына баса назар аударып отырып жүзеге асырылады. [20]

